МЫҢ ЖАСАҒАН ШАҺАРДЫҢ ШАМШЫРАҒЫ

# Almaty AQSHAMY

Газет 1988 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады | www.almaty-akshamy.kz | №147 (6282) 13 желтоқсан, сейсенбі, 2022 жыл.




ТҰЛҒАТАНУ



## ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ «ЖЕЗКИІГІ»

3

Ә.НҰРШАЙЫҚОВ–100




## «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР»

6

РУХАНИЯТ



## ҚАЗАҚТЫҢ «ПУШКИНІ»

7

KAZHYDROMET.KZ

**Алматы қаласы бойынша ауа райы болжамы**
*(бүгін және ертең)*

**13.12.2022**

Түнде:
-10-12 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
-1-3°C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

**14.12.2022**

Түнде:
-9-11 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Күндіз:
0,-2 °C
Көшпелі бұлтты, жауын-шашынсыз.

Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

ПРЕЗИДЕНТ

# ЕЛІМІЗДІ ӨРКЕНДЕТЕМІЗ ДЕСЕК

## бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек



**Мемлекет басшысының төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті**

*«Министрлер және әкімдер өзіне қолайлы адамдарды ғана қызметке тағайындайтын әдетті доғаруға тиіс... Аймақтарда тек сол өңірдің азаматтары жұмыс істеуі керек деген қасаң түсініктен арылу керек. Адамның білікті болуы оның туған жеріне байланысты емес. Жұмыстың нақты нәтижесімен ғана бағаланады. Сонымен бірге, квазимемлекеттік секторда тәртіп орнататын кез келді. Корпоративтік басқарудың икемді болуы – ойыңа не келсе, соны істеу деген сөз емес. Азаматтарды қызметке тағайындау барынша ашық және әділ болуға тиіс. Себебі, бұл – ең алдымен, халыққа тиесілі мекемелер. Жеке адамдардың мүддесін көздейтін кез келген әрекетке тосқауыл қойылуға тиіс. Елімізді өркендетеміз десек, бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек».*

Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ.

2

ТҰСАУКЕСЕР

## Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ:

# «ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАРЫҚ БҰРЫШЫ

## «Alataý Aqparat» медиахолдингі қалта кітапшаларын шығарып жатқанына қуаныштымын»




Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

«Alataý Aqparat» медиахолдингі Қазақстан баспасөзінің тарихында бірінші рет қалтаға сиятын кітаптар сериясымен өзінің жеке кітапханасын шығара бастады. Алғашқы болып Қазақстан Журналистер академиясының президенті Сағымбай Қозыбаевтың «Дайдидау» атты шағын кітапшасы жарық көрді.

12

ҚЫСҚА...

- Президент Үкіметті сынға алды.
- 2023 жыл ауыл тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсартуға арналады.
- Қазақстанда бизнеске қойылатын негізсіз талаптар жойылады.
- Үкімет ауыл халқының табысын арттыруға 1 трлн теңге бағыттайды.
- Ұлттық қордың инвестициялық табысы балалардың есепшотына аударыла бастайтын күн алыс емес.
- Алматыда «Жүректен жүрекке» атты алғашқы әлеуметтік форум өтеді.
- Халықаралық олимпиадада қазақстандық оқушылар 6 медаль иеленді.
- Artsport бағдарламасы бойынша қызмет көрсетушілерге қойылатын талап күшейтілді.
- Келер жылы көпбалалы аналарға төленетін жәрдемақы мөлшері артады.
- Алматыда бүгін «CAREER TIME» кәсіптік фестивалі өтеді.
- Мегаполистің экономикалық индикаторы 11 айда 6,2%-ке дейін өскен.
- 2040 жылға дейін Алматының көлік каркасын дамытудың шеберлік жоспары әзірленеді.

www.almaty-akshamy.kz

9 772223 237006

ПРЕЗИДЕНТ

# ЕЛІМІЗДІ ӨРКЕНДЕТЕМІЗ ДЕСЕК

## бәріміз бір ел болып күш жұмылдыруымыз керек



**Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Үкіметтің кеңейтілген отырысы өтті**

**Ақорданың баспасөз қызметі хабарлағандай, алқалы жиынға Премьер-Министр Әлихан Смайылов, Президент Әкімшілігінің Басшысы Мұрат Нұртілеу, Үкімет мүшелері, Ұлттық банк төрағасы, Астана, Алматы, Шымкент қалаларының және облыстардың әкімдері, орталық мемлекеттік органдардың және ұлттық компаниялардың жетекшілері қатысты.**

**Жиын барысында Үкімет басшысы Әлихан Смайылов еліміздің даму барысы және келесі жылдың жоспары туралы, Ұлттық банк төрағасы Ғалымжан Пірматов ақша-несие саясаты жөнінде, Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр Екібастұздағы жағдайды қалпына келтіру жұмыстарына қатысты баяндама жасады.**

**Сонымен қатар, Мемлекет басшысы Алматы қаласы, Маңғыстау және Ұлытау облыстары әкімдерінің баяндамаларын тыңдап, әрқайсысына нақты тапсырма берді.**

### ҮМІТ ПЕН СЕНІМДІ АҚТАУ – ЕҢ БАСТЫ МІНДЕТ ӘРІ ҚАСТЕРЛІ ПАРЫЗ

*Президент өз сөзінде еліміздің биылғы әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері талқыланып, алда тұрған басты міндеттер айқындалатынын атап өтті. «Жуырда өткен Президент сайлауы – бұл халықтың бізге артқан зор сенімі және қолдауы. Азаматтарымыз нақты оң өзгерістер бүгін және қазір болады деп үміттеніп отыр. Осы үміт пен сенімді ақтау – алдымызда тұрған ең басты міндет әрі қастерлі парыз»,* – деді Мемлекет басшысы.

Президент өзінің сайлауалды бағдарламасында еліміздің жаңа даму бағдары айқындалғанын, азаматтардың табысын арттырып, өмір сапасын жақсартуға баса назар аударылатынын атап өтіп, ерекше мән беруді қажет ететін бірқатар мәселеге тоқталды.

Мемлекет басшысы, ең алдымен, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы мәселесін көтерді. Қасым-Жомарт Тоқаев Екібастұзда болған төтенше жағдай бұл саладағы ахуалдың қаншалықты күрделі екенін айқын көрсеткенін айтты. Қызметкерлердің жауапсыздығы, бақылау жүйесінің қауқарсыздығы мыңдаған адамды жылусыз қалдырғанын еске салды.

### НЫСАНДАР КЕШЕНДІ ТҮРДЕ ТЕКСЕРІЛЕДІ

*Президент тозу деңгейі 90 пайыздан асқан Екібастұз ЖЭС-ін мемлекетке 1 теңгеге сату туралы ұсыныс сараптауды қажет ететінін айтты. Оның пікірінше, нысанға тәуелсіз аудит жүргізу керек. Әбден тозған орталықты мемлекеттің тиімді басқара алу мәселесін зерттеу керек. Кәсіпорынның 50 пайызын алып, меншік иесіне Жылу электр орталығын күрделі жөндеуден өткізуді тапсырған жөн. Мемлекет басшысы еліміздегі ЖЭС-тердің орташа тозу деңгейі 66 пайызға, ал кейбір қалаларда шекті межеден асып, 80 пайызға жеткеніне тоқталды. Жылу электр стансаларының үштен бірінің пайдалануға берілгеніне жарты ғасырдан асқан. «Менің тапсырмам бойынша Президент Әкімшілігі жанынан құрылған арнайы Комиссия кешенді шаралар әзірледі. Соған сәйкес бақылау-қадағалау тетігін күшейтіп, меншік иелерінің жауапкершілігін және жалпы саланың тиімділігін арттыру қажет. Комиссия дұрыс жұмыс істемей тұрған 19 жылу электр орталығын анықтады. Үкімет осы міндетті шешуге шұғыл кірісуі тиіс,* – деді Мемлекет басшысы.

### ХАЛЫҚ ТАБЫСЫН АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙМЕН СӘЙКЕСТЕНДІРГЕН ЖӨН

Президент халықтың әл-ауқатын жақсарту мәселесіне баса назар аударды.

*– Негізгі тағам өнімдерінің қымбаттауы инфляцияның өсуіне себеп болып жатыр. Азық-түлік инфляциясы 24 пайыздан асты. Тұрғындардың ақшалай табысының өсу қарқыны соңғы бес жылдағы ең төмен деңгейде тұр. Елімізде қағаз жүзінде жұмыс істейтін, уақытша жұмыс істемейтін, өзін-өзі нәтижесіз жұмыспен қамтыған және жұмыссыз деп көрсетілген 900 мыңға жуық адам бар. Негізгі құжат – Халық табысын арттыру бағдарламасы. Осы құжатты қазіргі жағдайлармен сәйкестендірген жөн,* – деді Мемлекет басшысы.

### АЗЫҚ-ТҮЛІК ҚАУІПСІЗДІГІ – ЕЛДІ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БАСТЫ ШАРТЫ

Президент баға белгілеуді келесі бір маңызды мәселе ретінде атап өтті. Сондай-ақ, азық-түлік бағасын өсірмеу үшін басты бағыттар бойынша нақты жұмыс жүргізу керек екеніне тоқталды.

*– Азық-түліктің бағасы жыл мезгіліне қарай қатты өзгереді. Күзде су тегін нәрсе көктемде шарықтап шыға келеді. Мұның шешімі біреу ғана – қойма инфрақұрылымын жасау керек. Бірақ бұл бағыттағы жұмыс баяу жүріп жатыр. Былтыр 83 мың тонна өнім сақтайтын қойма салу жоспарланғанмен, оның 64 мыңы ғана пайдалануға берілді немесе жоспар 77 пайызға орындалды. Биыл жұмыс біршама жандана түсті: 98 мың тонналық қойма салу жоспарланып, соның 87 мың тоннасы қазірдің өзінде іске қосылды. Дегенмен, бұл бағыттағы шаруаны әлі де ширата түсу керек. Бүгінгі таңда азық-түлік қауіпсіздігі елді өркендетудің басты шарты екенін түсіну қажет. Агроөнеркәсіп кешенін, әсіресе ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді дамыту Үкімет пен әкімдер үшін басты басымдық болуға тиіс,* – деді Президент.

### ЖЕКЕМЕНШІККЕ ЗАҢСЫЗ ӨТІП КЕТКЕН АКТИВТЕР ҚАЙТАРЫЛАДЫ

*Сонымен қатар, Қасым-Жомарт Тоқаев әділ және тиімді экономикалық саясат жүргізілуі керек екеніне назар аударды. Оның пікірінше, елімізде әділ бәсеке орнап, бизнес адал жұмыс істесе, әділетті нарықтық экономика құрылады.*

*– Экономиканы монополиядан арылту үшін мекемеаралық комиссия құрылды. Бұл комиссия қажетті жұмысты тиімді жүргізіп жатыр. Қазір жекеменшікке заңсыз өтіп кеткен активтерді қайтаруға баса мән беріліп отыр. Бірақ кейбір мәселелер назардан тыс қалып барады. Экономикаға мемлекеттің қатысуын азайту, монополистерді өзіне жанама қатысы бар нарықтың қызметіне араластырмау – өте маңызды жұмыс. Әкімшілік кедергілерді және нарыққа баға белгілеу арқылы қысым жасауды тоқтату керек. Мысалы, электр қуатын өндіру және оны жеткізу саласы монополистердің қолында. Олар тәуелсіз компаниялардың нарыққа кіруіне шектеу қойып отыр. Біз Электр қуатын бірыңғай сатып алу институтын енгізуге кірістік. Осылайша тиімсіз делдал компанияларға шектеу қойылады. Өнім өндірушіге қаржы тікелей түседі. Нәтижесінде еліміз барлық өңірлер мен ұйымдар үшін ойға қонымды бағаға қол жеткізуге тиіс, – деді Мемлекет басшысы.*

### «ӘРБІР АЗАМАТ – ҰЛТТЫҚ БАЙЛЫҚТЫҢ ИЕСІ» ДЕГЕН СӨЗ ЖАЙ ҰРАН ЕМЕС

*Президент бюджет саясатына арнайы тоқтала келе: «Үкімет бюджет тұрақтылығын қамтамасыз етуі керек. Ұлттық қордың трансфертіне тәуелділіктен біртіндеп құтылуымыз қажет. Бір жылдан кейін Ұлттық қордың инвестициялық табысының жартысын балалардың есепшотына аудара бастаймыз. Сол кезде барша азаматтар Ұлттық қордағы ахуалды жіті қадағалап отыратын болады. «Әрбір азамат – ұлттық байлықтың иесі» деген сөз жай ұран емес. Бұл нағыз халықтық, қоғамдық бақылаудың басталғанын білдіреді»,* – деді.

Осы ретте Мемлекет басшысы Үкімет пен Ұлттық банкке алдағы жеті жылда Ұлттық қордың активтерін 100 миллиард долларға жеткізу міндетін жүктегенін еске салды. Сондай-ақ, ақшаны азырақ жұмсап, көбірек табыс табу керек екенін ескертті.

Сонымен қатар, Президент жер қойнауын пайдалану саласында елеулі түйткілдер бар екенін жеткізді.

*– Бас прокуратура Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бірлесіп, жер қойнауын пайдалану ісінің барлық сатысында заң бұзылатынын анықтады. Мемлекеттік жер қойнауын басқару бағдарламасында бұрмаланған немесе ескірген мәліметтер бар. Қоры нақтыланған және игеруге дайын тұрған кен орындарына барлау жұмысын жүргізуге 143 лицензия мен келісім-шарт заңсыз берілген. Елімізде құнды пайдалы қазбасы бар кен орындары аз емес. Әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар осындай 87 кеніштi заңсыз алған. Олар байқау өткізу рәсімдерін айналып өтіп, кеніштерді жеке компанияларға су тегін берген. Үкіметке Бас прокуратурамен бірлесіп, заңсыз берілген кен орындарын мемлекет меншігіне қайтару үшін тиісті шаралар қабылдауды тапсырамын,* – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауылдық жерлерді дамыту мәселесіне де арнайы тоқталды. Мемлекет басшысы жаңа президенттік өкілеттігіне кіріскен сәтте, ең алдымен, Ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасын әзірлеу туралы Жарлыққа қол қойғанын айтып, ауылды өркендетудің мүлдем тың тәсілдері керек екеніне назар аударды.

*– Ауыл жұртының көпшілігінде жер үлесі бар. Бірақ халық оның игілігін көре алмай отыр. Азық-түлік қауіпсіздігі бүкіл әлем бойынша басты мәселеге айналды. Биыл біздің елде астық мол шықты. Бірақ егіннің орташа шығымы әлі де төмен. Бұл салада заманауи технологияны қолдану өте маңызды. Шаруаларды осыған ынталандыру керек. Сондай-ақ, тыңайтқыштың қолжетімді болуын қамтамасыз еткен жөн. Ауыл шаруашылығы өнімін өңдеу ісін жақсартуға баса назар аудару қажет. Мемлекет жыл сайын агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 350 миллиард теңгеден астам субсидия бөледі. Соған қарамастан, терең өңдеу өндірісі дамып жатқан жоқ. Агроөнеркәсіп кешенін дамытудың ұлттық жобасындағы жоспарлар орындалмай жатыр,* – деді Мемлекет басшысы.

Президент көтерген тағы бір өзекті мәселе – экономиканы кредиттеу және халықтың көп несие алуына тосқауыл қою.

*– Нақты экономиканы кредиттеу ісін кеңейту қажет екенін бірнеше рет айттым. Бизнес қолжетімді қаржыландыруға зәру. Менің тапсырмаммен шұғыл шешімдер топтамасы әзірленді. Ол осы сектордағы қордаланған мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтқанда, зейнетақы жинағының 50 пайызына дейін жеке басқаруға беру үшін БЖЗҚ салымшыларының құқығы кеңейтіледі. Бұл бизнесті кредиттеуге қажетті «ұзақ мерзімді қаржы» қорын қалыптастырады. Агроөнеркәсіп кешеніне берілетін кредитті арттыру үшін астық қолхаты институты толықтай цифрландырылып, қайтадан іске қосылады. Бұл агроөнеркәсіп кешені кәсіпорындары үшін сенімді кепіл болады. Экономиканың осы секторын әлдеқайда белсенді кредиттеу үшін жер қойнауын пайдалану құқығына да осындай өзгерістер енгізіледі. Бұған қоса, Үкімет пен қаржы саласын реттеу органдары «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында пайыз мөлшерлемесін субсидиялау мерзімін 7 жылға дейін созу мүмкіндігін қарастырған жөн деп санаймын. Әрине, бұл экономиканың тек анағұрлым басым бағыттарын қамтуға тиіс,* – деді Мемлекет басшысы.

### 2023 ЖЫЛДАН «ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢ КҮШІНЕ ЕНЕДІ

Президент тұтынушылық кредиттің шамадан тыс көбеюін төмендету керек екенін де еске салды.

*– Бүгінде проблемалық кредиттердің көлемі жарты триллион теңгеге жетті. Миллионнан астам адам өзінің банк алдындағы міндеттемелерін өтеуге жағдайы жоқ. Олардың көбі әбден торығып, ескі борышын жабу үшін жаңа кредит рәсімдеуге мәжбүр. Сондықтан 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Жеке тұлғалардың төлем қабілетін қалпына келтіру және олардың банкроттығы туралы» Заң күшіне енуге тиіс. Сонымен қатар, кепілсіз онлайн-микрокредиттеуді қатаң реттеу қажет. Кейбір елдерде оған толықтай тыйым салған. Осы тәжірибені зерттеген жөн,* – деді Президент.

### ҮКІМЕТТІҢ НЕГІЗГІ МІНДЕТІ – ЖҰМЫСТЫ ҮЙЛЕСТІРУ ЖӘНЕ ОҒАН БАСШЫЛЫҚ ЕТУ

*– Үкіметтің негізгі міндеті – жұмысты үйлестіру және оған басшылық ету. Жаңа әкімшілік реформа аясында заң шығару тәжірибесін жаңғырту қажет. Түрлі деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарының орталыққа бағыныштылығын барынша азайтқан жөн. Осыған орай, Үкіметке заңнамалық актілерді түгендеуді тапсырамын. Мемлекеттік органдардың негізгі міндеттері мен құзыреттері ғана заң жүзінде бекітілуі керек. Әр саладағы саясатты әзірлеу, оны жүргізу және бақылау құзыреті Үкіметтен орталық мемлекеттік органдарға берілуге тиіс. Орталық пен аймақтар арасындағы құзыреттерді бөлу ісін келесі жылы аяқтау қажет,* – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент аса маңызды ұлттық жобалардың («Жайлы мектеп», «Ауылдық денсаулық сақтау», негізгі инвестициялық жобалар) орындалу барысын қадағалайтын Президенттің жобалық офисі өз жұмысын бастағанын хабарлады.

Сонымен қатар, Президент келесі жылы орталықта және жергілікті жерде ауқымды кадрлық өзгеріс жасалатынын атап өтті.

**«АҚШАМ-АҚПАРАТ».**

МЕМОРИАЛДЫҚ ТАҚТА

# ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ «ЖЕЗКИІГІ»

## Мемлекет және қоғам қайраткері, ақын Кәкімбек Салықовтың құрметіне ескерткіш-тақта орнатылды




**Биыл көрнекті ақынның дүниеге келгеніне 90 жыл. Ескерткіш-тақтаның ашылу рәсіміне қала әкімі Ерболат Досаев, Халық жазушысы Олжас Сүлейменов, Қазақстанның Еңбек Ері, жазушы Дулат Исабеков, т.б. қоғам қайраткерлері мен ақынның туыстары қатысты. Ескерткіш-тақтаны шаһар басшысы Ерболат Досаев пен Майра Кәкімбекқызы ашты. Тақта көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, ақын тұрған үйдің қабырғасына орнатылды.**

*Гүлжанат* **СЕМБАЕВА**

«Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерінің құрметіне өзі тұрған үйде ескерткіш-тақтаның ашылуы Алматы қаласының рухани өміріндегі елеулі оқиға. Қазақ поэзиясының «жезкиігіне» айналған Кәкімбек Салықов мемлекеттік қызмет пен әдебиетті шебер ұштастыра білген ақын. Өлеңді өмірлік серігі қылған ақын шығармалары әлемнің бірнеше тіліне аударылып, көптеген өлеңіне ән жазылды. Атақты «Жезкиігі» қазақ даласының әні болып тербеді», – деді Алматы қаласының әкімі Ерболат Досаев.

Кәкімбек Салықов 1932 жылы 22 қаңтарда Солтүстік Қазақстан облысы, Шал ақын ауданы, Еңбек ауылында дүниеге келген. Алғашқы өлеңдер жинағы «Сыр» 1977 жылы жарық көрді. Сол жылы «Жезкиік» атты жыр жинағы орыс тіліне аударылып жарияланды. 1981 жылы «Қырғызстан» баспасы оның «Нұрлы күндер» кітабын қырғыз тілінде, 1983 жылы Ғафур Ғұлам баспасы «Жезкиік» жинағын өзбек тілінде шығарды. «Букетовке реквием», «Эдельвейс», «Ғасырға тең бір мезет», «Че Гевара» атты поэмалары орыс тіліне аударылды.

К.Салықов – «Дала», «Қырандар», «Гәкку», «Жезкиік», «Еңлікгүл», «Тәттімбет», «Домбыра», «Қарақалпақ», «Кенесарының соңғы сөзі» секілді көптеген поэмалардың авторы.




Суреттерді түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

АНТИКОР



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

# СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС

## адам құқықтарын қамтамасыз етудің қажетті шарты

**Халықаралық сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес күніне орай «Дөңгелек үстел» өтті. «Дөңгелек үстелді» аша отырып, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Олжас Бектенов Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаты озық халықаралық стандарттар негізінде жетілдіріле беретінін атап өтті.**

*Гүлжанат* **МАРАТҚЫЗЫ**

Кездесу барысында қатысушылар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің адам құқықтарын сақтаумен өзара байланыстылығына назар аударды және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың және адам құқықтарын заңдастырудың нақты жоспарын белгілеген сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат тұжырымдамасын бөле-жара атады.

Іс-шараның негізгі мақсаты – Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын талқылау, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша халықаралық тәжірибені енгізу, ГРЕКО және ЭЫДҰ ұсынымдарын іске асыру.

Шараға Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев, шетелдік сарапшылар, дипломатиялық өкілдіктердің, халықаралық ұйымдардың, академиялық қоғамдастықтың және басқа да мемлекеттік органдардың өкілдері қатысты. Жиын Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметі, БҰҰ-ның Қазақстан Республикасындағы өкілдігі, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия Қазақстан Республикасы Сыртқы Істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігі және Сорбонна–Қазақстан институтының ұйымдастыруымен өтті.

«Соңғы 3 жылдың ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы тетіктерді қамтитын бірнеше заңнамалық өзгеріс қабылданды. Еліміздің жемқорлыққа қарсы саласының одан әрі жүйелі дамуы биылғы жылдың басындағы Мемлекет басшысының жарлығымен айқындалған. Ол алдағы 5 жылдағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар болып саналады. Онда алғышарттар мен міндеттер нақты көрсетілген», – деді ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы.

«Адам құқықтарын жүзеге асыруға кері әсерін тигізетін жағымсыз құбылыс әлемдегі барлық елді алаңдатып отыр. Оған қарсы күрес жүргізіп, тиімді тетіктерін ойластырып, оның туындауына жол бермеу – бәрімізге ортақ мақсат», – деді Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев.

«Өкінішке қарай, сыбайлас жемқорлық – азаматтық, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени адам құқықтарын іске асыру жолында үлкен кедергі. Осыған байланысты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі шаралар Адам құқықтары саласындағы нормаларға сәйкес келуі тиіс, әйтпесе олар заңға қайшы», – деп атап өтті Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның төрағасы Игорь Рогов өз сөзінде.

«Дөңгелек үстел» қорытындысы елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын одан әрі дамыту бағыттары айқындалды.

ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ

# ЖАСТАРҒА – ҚОЛДАУ!

**Жұмыспен қамтылмаған жастарға арналған «Акселератор» жобасының 50 қатысушысына өз жобаларын іске асыру үшін мемлекеттік грант берілді.**



Суретті түсірген Самат СЕРІКБАЙҰЛЫ.

*Ақтолқын* **ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Аталмыш іс-шара «Almaty Resort» шипажайында өтті. «Jas Camp Almaty» жастар лагерінде 50-ден астам жас өздерінің бизнес жоспарын іске асыруға мүмкіндік алды. Оларға 1 млн теңге көлемінде мемлекеттік гранттарды Алматы қаласы әкімінің орынбасары Арман Қырықбаев салтанатты түрде табыстап, құттықтады.

Бұл жоба бизнесті басқару саласында жаңа білім алу, жобаларды іске асыру жолдарын анықтау және оларды орындау үшін қажетті ресурстарды табу арқылы қаланың жұмыспен қамтылмаған жастарын қолдауға бағытталған.

«Жобаға тіркелген жұмыссыз мәртебесі бар 1000-нан астам жас қатысты, олардың 100-і 5 күн ішінде «Almaty Resort» кешенінің базасында білікті тәлімгерлер мен жаттықтырушылардан шеберлік сыныптарынан өтті», – дейді шара ұйымдастырушысы Ақылбек Досжан.

Оқыту барысында қатысушылар кәсіпкер ретінде қажетті дағдылар мен кәсіптерді үйренуге, өз ойларын жүзеге асыратындай пайдалы дағдыларды игеруге ерекше назар аударды.

«Жастарға қолдау білдіріп, қаржылай көмек білдірген Алматы қаласының әкімдігіне алғыс айтамыз. Мен ортопедиялық матрас жасайтын цех ашу үшін бизнес құрған болатынмын. Міне, оны жүзеге асыру үшін қаржы алып жатырмын. Достар да тауып жатырмын», – деді алматылық қатысушы.

Айта кеткен жөн, іс-шараны «Алматы қаласының Жастар саясаты басқармасы» КММ ұйымдастырды.

ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЛАРЫ

# АЛМАТЫ – АЗАТТЫҚТЫҢ ШЫРАҒЫ, ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰРАҒЫ...

**Алда келе жатқан Тәуелсіздік күні мерекесіне орай еліміздің түкпір-түкпірінде түрлі іс-шаралар кешені ұйымдастырылып отыр. Осындай бір тамаша мерекелік шара С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінде қолға алыныпты. Студенттер Тәуелсіздік күні мен Демократиялық жаңғыру күніне арнап өлең-жырдан шашу шашқан. Соның бір парасын өнер ордасы болған соң, Алматының бас басылымы «Almaty aqshamy» газетіне жолдапты.**



**Бекарыс СЕКЕН**

## ТЕҢ КЕЛМЕЙТІН ТЕҢДЕССІЗСІҢ – АЗАТТЫҚ!

*Аңсағаны осы емес пе азат күн?!*
*Бодандықта бұғауланған қазақтың.*
*Гүлге оранып гүлденсе де қанды алаң,*
*Күрмеуінен тарқамайды азап мұң.*

*Дәмін татпай еркіндіктің тәтті нұр,*
*Азаттықтың таңы атқан ба, көп ғұмыр?!*
*Шырылдаған шыбын жанға қарамай,*
*Қыршын жастың қабырғасын сөкті бір.*

*Қара жерім қанға тоймай ұл-қыздың,*
*Маңдайдағы сөніп кетті жұлдызым.*
*«Еске алсын!» деп келер ұрпақ алдына,*
*Орнатылды олар үшін «Құр мүсін».*

*Ләззаттардың көз жасына қанбаған,*
*Қасіретсің қанға толған қанды алаң.*
*Тең келмейтін теңдессізсің – Азаттық!*
*Бұл өмірде бұдан басқа бар ма мән?!*

*Аямадың елдің жанын мүшкілін,*
*Сексен алты талай нәубет құштырдың.*
*Көрді дәуір Қайраттардың көзінен,*
*Егемен ел тәуелсіздік ұшқынын.*

*Міне бүгін, еркіндігім еңселі,*
*Еркіндіктің жоқ өмірде өлшемі!*
*Сүйіп өтем соңғы демім қалғанша,*
*Қазақстаным мен сені!*







**Айбар РАМАЗАН**

## ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

*Бабалардың арманы ғасыр күткен,*
*Егемендік ел үшін асыл тіптен.*
*Аналары сен үшін тақым қысып,*
*Балалары бәйгеге басын тіккен.*

*Сан ғасыр ойыңа алып армандаған,*
*Қалайды екен тәуелсіз таңдарды адам.*
*Болғаны анық Желтоқсан жаңғырығы,*
*Таңбаланып тарихта қалған бағаң.*

*Белгілі ғой тарихта бағаң бары,*
*Егемендік елімнің бар арманы.*
*Соңғы нүкте қоям деп есте қалды,*
*Мәңгілікке жас жандар алаңдағы.*

*Жаралғандай жандармыз ізгіліктен,*
*Қауіп төнсе қашпаймыз біз бүліктен.*
*Жиырманың болыпты маңайында,*
*Түйір жанын тәрк еткен қыз-жігіттер.*

*Дос болғанға сыйласар ар-ибамыз,*
*Қас қылғанға қарсы шап қағидамыз.*
*«Бөрікті қазағым!» деп атой салған,*
*Болыпты он алтыда Сәбира қыз.*

*Елдікті жақындатты алыстаған,*
*Нағыз ерде қашанда намыс болар.*
*Ерлерді ұмытпайық, ұлықтайық,*
*Еліме егемендік табыстаған.*

*Қазағым таусылмасын отты ойларың,*
*Елдіктің мерекесін көп тойлағын.*
*Тілің, дінің сақтаулы болсын елім,*
*Көрсін елім көгінен Көк байрағын.*



**Санжар СҰЛТАНҒАЗЫ**

## ҚАЗАҚ ДЕГЕН...

*Сүй жүрегім, барлығын сүй, азына,*
*Қопарыл да,*
*Тереңдей бер*
*Қазыла.*
*Тілмен айтып жеткізе алмас,*
*Бар менде,*
*Байлық болып саналатын қазына!*

*Жүрегіме қонып қалған мекендеп,*
*Қазақ үшін жырмен жұмыс, өтеу көп!*
*ЕЛ дегенде – ештеңені естімей,*
*Елеңдеймін «Халқым аман ба екен?!* деп.

*Өз ауылым аппағым да, мақтаным,*
*Белгілі ғой, сенен бақыт тапқаным.*
*Қаладағы ваннадан да*
*Артықтау,*
*ТУҒАН ЖЕРДІҢ тұмасына батқаным.*

*Төсіме де мейлі батсын айыл мұң,*
*АНА десе ақ кілем боп жайылдым.*
*АНА десе ақ басымды иілтіп,*
*Алдына оның жатуға да дайынмын.*

*Тұра алмаймын елім десе күймей тым,*
*Жан бар ма екен өз ұлтын да сүймейтін?*
*ҚАЗАҚ деген бес әріп қой,*
*Бес саусақ,*
*Жұмылса егер, жердің бетін билейтін.*

*Отырғанда жан-жақ түгел жалақтай,*
*Шаба беру қиын, сірә, далақтай.*
*ТІЛ дегенде қайыспаса қабырға,*
*Майысуға тура келер садақтай.*

*Ақындарсыз, көктем мен рас күз өлмес,*
*Жазушы да болған жоқ-ты мінелмес.*
*Қазағымның тағдыры ол – ӘДЕБИЕТ,*
*Одан айнып,*
*Тағдырымыз түзелмес.*

*Өткен дейтін бүгінгінің дерегі,*
*Кешегілер бүгінгіге сенеді.*
*Бақыт қанша қымбат болса,*
*Соншалық,*
*Қайғыменен,*
*Қасіретпен келеді...*



**Ернұр ЖҰМАТАЙ**

## КӨК ТУЫҢДЫ КӨТЕРУДІ МЕН ДЕ АРМАН ЕТЕМІН

*Ақтардым ақ параққа тәуелсіздік кемелін,*
*Аңсатқан талай жанның ақ арманы сен едің.*
*Атыңды ұрандатқан қан майданда бабалар,*
*Алтын әріп, алтын сөз биік ұста өренім.*

*Қаным қазақ, қайсар елміз, сүйгеніміз бостандық,*
*Арлы есім, текті ұлт, атыңды айтам аспан ғып.*
*Тарихым бар, мақтанамын ел қорғаған батырмен,*
*Бүгінгі күн ұрпағы елге қылма қастандық.*

*Талай балаң шырқады, ту көтеріп ұранмен,*
*Азаттықты тербетті, асқақтатып жыр әнмен.*
*Жаса қазақ, жасай бергін, танылшы бар әлемге,*
*Бостандықтың символы – барыс пенен қыранмен.*

*Атың мәшһүр өзгелерге байлығыңмен киелі,*
*Өзге ұлттың өзі де Отаным деп сүйеді.*
*Құт дарыған бұл мекенім, Тәуелсіздік ордасы,*
*Ұшқан құс пен өскен гүл де басын саған иеді.*

*Ұлан-ғайыр жерім бар, Жерұйығым мекенім,*
*Көк Туыңды көтеруді мен де арман етемін.*
*Көк бөріміз, бодан болу қазағыма тән емес,*
*Бөрі болсақ, білу керек ол да еркін екенін.*



**Мұхаммет ТІЛЕУБАЙ**

## АЛМАТЫ – БЕЙБІТ КҮННІҢ ЖЫР, ӘНІСІҢ

*Айтайын, тыңдап көрсең жыр ағысын,*
*Жасырмай бүгін балаң қуанышын.*
*Көне шаһар, тарихтың көзі болған,*
*АЛМАТЫ – ғасырлардың куәсісің.*

*Қамдаған талай ұлттың сұранысын,*
*Кенезесі кепкен жанға бұлағысың.*
*Желтоқсанның жандырған алаулы отын,*
*АЛМАТЫ – азаттықтың шырағысың.*

*Құрбан қылған Қайраттай қырағысын,*
*Ел мен жұрт айтады әлі, мың алғысын.*
*Ақындардың шерленген өлеңімен,*
*АЛМАТЫ – бейбіт күннің жыр, әнісің.*

*Таппаған өмірінің бір мәнісін,*
*Арылар саған келсе күмәні шын.*
*Гүлденген әр күн сайын, сұлу қала,*
*АЛМАТЫ – әсемдіктің сыңарысың.*

*Шығарған талай мықты, кіл арысын,*
*Жан қиған ұлтымыздың тіл, ары үшін.*
*Басталған егемендік таңы сенде,*
*АЛМАТЫ – Тәуелсіздік тұрағысың...*

***Студенттер өлеңдерінің топтамасын әзірлеген***
***«Семсер» ақындар мектебінің жетекшісі,* ақын Серік ҚҰСАНБАЕВ.**

ЖИЫН

**Алматыда қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен мемлекеттік құрылымдардың баспасөз қызметкерлері бас қосты. Екі күнге созылған басқосу дағдарыс кезіндегі коммуникацияның маңыздылығына арналды.**

# БАСПАСӨЗ ХАТШЫЛАРЫ БАС ҚОСТЫ

Рая ЕСКЕНДІР

Жиын барысында тәжірибелі медиа-тренерлер өздерінің жеке тәжірибелеріндегі кейстерді келтіре отырып, дағдарыс жағдайынан қалай шығу керектігін сөз етті. Сонымен қатар, баспасөз қызметінің мамандары PR және Digital саласындағы сарапшылармен тәжірибе алмасып, кері байланысқа шықты. Коммуникациялар бойынша тренерлер Айбар Олжаев пен Гүлайым Оралбаева баспасөз хатшыларына стратегиялық коммуникация дағдылары тұрғысында сөз қозғап, жиынның маңызын аша түсті.

Жалпы, жиынға қатысушы тренерлердің пайымынша, баспасөз хатшыларының кәсіби өсуі мемлекеттік органдар жұмысының ашықтығы мен жариялылығын арттыруға кеңінен ықпал ететін көрінеді. Осы ретте олар өз ведомстволарының мысалдарын негізге ала отырып, дағдарыстық жағдайлардан қалай шығуға болатынын іс жүзінде көрсетіп, стратегиялық жоспарлаудың дұрыстығы туралы әңгімеледі. Басқосуда көпшілік Айбар Олжаев жүргізген «Баспасөз хатшысы және дағдарыс» атты тренингке қызығушылық пен белсенділік танытты. Өз кезегінде практикалық тапсырмаларды орындауға қатысып, көптеген сұрақтар қойды. Сонымен қатар, бұл күні PR қызметкерлері өз басқармалары, коммуналдық қызметтерге қарсы айтылатын жағымсыз пікірлерді қалай азайтуға болатыны туралы да тәсілдерді үйренді. Тренингке қатысқандардың бірі Бақытжан Аманболқызы дәл осы жиын барысында тренерлер арқылы БАҚ-пен жұмыс істеу, аймақтық коммуникациялардың ерекшеліктері, әлеуметтік желілерде жұмыс істеу, ақпаратты тарату, автоматтандыруға мүмкіндік беретін жеке тәжірибелер мен пайдалы кеңестер алғанын жеткізді.

Жиын барысында Медеу ауданы әкімдігінің баспасөз қызметкері Жанна Әнесова, баспасөз хатшысы Анар Тастанбекова дағдарыс жағдайында қалай әрекет ету керектігі туралы түйткілді сұрақтарға жауап берді.

БІЛІМ

# ЖАҢА ЖЫЛ ЖАҢАЛЫҚҚА ТОЛЫ

**Алдағы жылымыз жаңалыққа толы болатын сыңайлы. Әрине, бұл жаңалықтар білім әлеміне де қатысты. Мәселен, еліміздегі барлық мектептер енді бес күндік жұмыс форматына көшетін болды. Бес күндік жұмыс мектеп директорларына, орынбасарлары мен мұғалімдерге, жалпы барлық қызметкерге қатысты. Олар да сенбі күні демалып, балаларына көңіл бөліп, отбасының ортасынан табылатын болады.**



Рая ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Бір айта кетерлігі, бұл өзгеріс оқу жылының созылуы және оқу жүктемесінің қысқаруы есебінен жүзеге асырылады. Білім әлеміндегі тағы бір жаңалық – еліміздің мектептері орта білімді дамыту үшін латын графикасын енгізе отырып, 2023 жылдан бастап 12 жылдық оқытуға кезең-кезеңмен көше бастайды. Осыған орай, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу бағдарламалары да жаңартылады. Сонымен қатар, мұғалімдердің жалақысы 2023 жылы қаңтардан бастап тағы 25 пайызға артады. Бұл ретте мұғалімдердің кәсіби құзыретін арттыруға ерекше назар аударылатын болады. Мұғалім мәртебесінің артқаны емес пе, Мемлекет басшысының тікелей тапсырмасымен педагогтардың жалақысы 2020 жылдың қаңтарында 25 пайызға, 2021 жылдың қаңтарында тағы 25 пайызға өскен болатын.

БАЙҚАУ

# «АЛМАТЫМ ЖҮРЕГІМДЕ–2022»



Суретті түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЕВ.

**Алматыда жас орындаушылардың халықаралық байқауы өтті. Үздіктер бақ сынасқан бәйгеге Израиль, Болгария, Литва, Беларусь, Армения, Грузия, Өзбекстан, Қырғызстан және Қазақстаннан 20–35 жас аралығындағы 15 жас орындаушы қатысты.**

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

«Халықаралық байқау ұйымдастыруды көп жылдан бері ойлап жүрген едім. Себебі, өзім де көптеген байқауларда бақ сынап, өнерімді шыңдап, еліміздің атын әлемге танытуға бар күшімді салып жүрмін. Сол кезде түсінгенім, талантты, өнерлі жастарды байқауларда кездестіруге болады. Біздің байқаудың басқалардан ерекшелігі, бізде жанды дауыста әндер шырқалады. Сондай-ақ, симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен тамаша әндерді шырқауға мүмкіндік алды. Байқаудың екі күнінде де қала тұрғындарына кіру тегін болды. Көпшілігі өздерінің алғысын білдіруде. Алдағы уақытта байқау жалғасын табады деген сенімдеміз», – дейді ұйымдастырушы, әнші Әлішер Кәрімов.

Байқаудың бірінші күні қатысушылар қазылар алқасының мүшелеріне өз елінің хит-шерулерінде жетекші орын алатын танымал эстрадалық шығармаларды ұсынды. Байқаудың екінші күні эстрадалық-симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен қазақстандық әндер орындалды.

«Өнер жолын бастағалы бері осындай өнер додаларына қатысуды әдетке айналдырдым. Әлемнің әр елдеріндегі қызықты, көңілді байқауларда өз бағымды сынап жүрмін. Мен Қазақстанда өткен «Алтын құс» байқауында да өнер көрсеткен едім. Биыл «Алматы менің жүрегімде» атты байқауда бақ сынап жатырмын. Екінші күнінде қазақтың тамаша бір әні «Балқадишаны» орындап шықтым. Өз басыма бұл ән ұнайды. Сондай-ақ, әннің тарихымен де кеңінен таныспын. Қазақ халқының қай әнін алып қарасаңыз да, әуезі мен әуені тамаша. Байқаудың арқасында талантты жолдастарды тауып жатырмын», – дейді Адығея елінен қатысушы Алий Тлюняев.

Байқау қорытындысы бойынша Гран-при номинациясы және 2 000 000 теңге қазақстандық әнші Әділхан Макинге берілді, 1-орын мен 1 500 000 теңгеге Армениядан келген Сюзанна Мелконян ие болды, ал 2-орын және 1000 000 теңгелік марапатты екі әнші бөлісті, олар – қазақстандық әнші Мәди Сыздықов пен Мордовиядан келген Вячеслав Явкин. 500 000 теңге жүлдесі бар үшінші сыйлықты белорусиялық орындаушы Анастасия Рачинская, Грузия әншісі Георгий Такаидзе және Болгариядан келген Христиана Жданова өзара бөлісті.

НЕ БАЙҚАДЫҢЫЗ?

# ЖАРЫҚТЫҢ ДА СҰРАУЫ БАР

**Шыны керек, кейде таңертең жұмысқа шыққанда түнде жағылған кейбір көше шамдарының өшірілмей қалғанын байқаймыз. Бірақ айнала жап-жарық болып тұрады. Ал жарықтың да сұрауы болуы керек.**



Нұржамал ӘЛІШЕВА

Негізі көп жағдайда шамдардың күндіз қосылып тұратыны жөндеу жұмыстарын жүргізу қажеттілігіне байланысты, қаланың сыртқы жарықтандыру желілерін қалпына келтіру және түнгі кезекшілік кезінде анықталған ақауларды жою үшін жүргізіледі.

Дегенмен, мұндай жағдайда бей-жай қалмай, мәселені шешуге қарапайым тұрғындар да атсалыса алады. Қалай? Күндізгі уақытта жанып тұрған шамдар анықталған жағдайда, «Алматы Қала Жарық» МКК диспетчерлік қызметіне 300-75-41, 300-75-42 телефондары арқылы хабарласыңыз, өтінімдер тәулік бойы және демалыссыз қабылданады.

Сондай-ақ, көшеңізде шамдардың әлі жанып тұрғаны туралы «Алматы Қала Жарық» МКК-ның Instagram және Facebook парақшаларына жазба қалдыру арқылы хабарлауға болады.

Баяғыда білте шамның сәулесімен кітап та, сабақ та оқитынбыз, тіпті аналарымыз іс те тігетін. Ал қазір уақыт алға жылжып, күнделікті тұтынатын заттарымыз да жаңаланып жатыр. Самаладай жарқыраған электр шамынсыз өмірді елестету мүмкін емес, ол да ауадай қажет құрал. Түн мезгілінде оның жарығы арқылы айналамызды, жақындарымызды, жақсылықтарды, әлемді көреміз. Күндіз өшіріп қоямыз. Не нәрсенің де қадірін біліп жүрген жақсы.

Ә.НҰРШАЙЫҚОВ – 100

**Алматы төрінен орын тепкен А.П.Чехов атындағы Орталық қалалық кітапхананың кітапханашысы Айнұр Балаубаева «Махаббат, қызық мол жылдар» атты әдемі де сырлы, әдеби-сазды кеш ұйымдастырды. Онда оқырмандар Абай атындағы Семей мемлекеттік қазақ музыкалық-драма театры (қазіргі Абай облысы) қойған «Махаббат, қызық мол жылдар» спектаклінде Меңтайды сахналаған актриса, қаламгердің туған жерінен арнайы ат арытып келген Сұлушаш Төлековамен, сондай-ақ, осыдан екі жыл бұрын Qazaqstan ұлттық телеарнасы түсірген «Махаббат, қызық мол жылдар» телесериалында Ербол мен Меңтайды ойнаған Ермек Тұрғанбек және Нарқыз Айдаровамен кездесті.**



Фото: Ора.kz

# «МАХАББАТ, ҚЫЗЫҚ МОЛ

## телехикаясынан кейін Ербол мен Меңтай шаңырақ көтерді

Нұржамал ӘЛІШЕВА

### Әзілхан атаның ақ батасы

**ҚР мәдениет саласының үздігі, халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты, режиссер Сұлушаш ТӨЛЕКОВА бізге қаламгердің спектакльді Семейге арнайы келіп тамашалағанын, ақ батасын бергенін әңгімелеп берді.**



– Меңтай романда өте инабатты, сыпайы, мейірімді жан болып суреттеледі. Режиссеріміз де менің бойымнан сол қасиеттерді көргенін айтып, осы рөлді ұсынғанда, қуанғаным рас. Ол тұста бұл кітапты оқымаған қазақ кемде-кем еді ғой. Үлкен-кішінің жастығының астына қойып, сүйіп оқитын кітабы болған десем, қателеспеспін. Сондықтан оқырманға жақсы таныс әдемі кейіпкерді сол күйінде жеткізе аламын ба, жеткізе алмаймын ба деп жүрексінгенім де бар. Оның үстіне, спектакльдің ең алғашқы көрермені шығарманың авторы, яғни Әзілхан Нұршайықовтың өзі болатынын естігенде, бойымда қорқыныш болғаны да жасырын емес. Ол кісінің жүрегіндегі Меңтайды бере алмай қалсам ше деп қатты қобалжығаным есімде. Сөйтіп, мойнымызға үлкен жауапкершілік жүктеліп, барымызды салдық. Театр залында Әзілхан атамыздың бір өзі отырды көрермен болып. Әрине, өз көңілімізге ойдағыдай ойнап шыққан секілді болдық. Бірақ спектакль аяқталғанда байқасақ, Әзілхан ата көзін сүртіп, жылап отыр екен. Абдырап қалдым, «дұрыс ойнай алмадым ба екен, көңілінен шықпаған болдық-ау» деп. Бәріміз аяғымызды имене басып жанына бардық. Маған бастан-аяқ ұзақ қарап тұрды. Ештеңе демеді. Одан сайын қобалжып кеттім. Бірақ қолымнан ұстап, жібермей қатты қысып, үнсіз ұзақ тұрғанда, көңілі толғанын сездім. Сосын бәрімздің маңдайымыздан сүйіп шықты.

Премьерадан кейін бәріміз үлкен дастархан басында жиналдық. Сонда Әзілхан атамыз аса бір ілтипатпен қолымнан қысып тұрып: «Айналайын, Сұлушаш балам! Отбасың, жолдасың, бала-шағаң бар екен, бақытты бол! Махаббаттың өзі үшке бөлінеді, бала махаббат, шала махаббат және мәңгілік махаббат деп. Мен соның соңғысын, яғни мәңгісін тілеймін», – деп батасын берді. Мен сондай жүрегі нәзік, ізгілікке толы үлкен тұлғаның көзін көргенімді, батасын алғанымды әркез мақтан етіп келемін, – деді осыдан он екі жыл бұрынғы оқиғаны еске алған Сұлушаш Төлекова.

Сәл шегініс. Сүйіспеншілікке толы «Махаббат, қызық мол жылдар» романындағы Ербол (Әзілхан Нұршайықов) мен Меңтай (Нұрғалима) өмірде болған жандар. Ал негізінде бұл кітаптағы Меңтай образын сомдауда аяулы жары, бітім-болмысы ерек Халиманың әсер еткендігін жазушы сұхбаттарында жиі айтатын.

### Түсірілім алаңында оянған сезім

Халық жазушысы Әзілхан Нұршайықовтың әйгілі романының желісі бойынша түсірілген 20 бөлімді «Махаббат, қызық мол жылдар» телесериалына актерлар Cinexus сайты арқылы онлайн таңдалған. 7300-ден астам өтініш түскен екен. Көрерменге телевизиялық көркем фильм ретінде жол тартқан телесериал желісі майданнан аман оралған жазушының бейбіт өмірдегі тыныс-тіршілігінен бастау алады. Басты кейіпкер – Ербол образы арқылы қазақ жауынгерлерінің ерлігі мен шынайы махаббаты суреттеледі. Телехикаяның белгілі әнші Әли Оқапов орындаған саундтрегі жазушының «Қызыл көрпе» өлеңіне жазылған.

Ең алғаш кастинг туралы естіген «Қазақ аруы – 2020» жеңімпазы, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының студенті, бұған дейін ұлттық арнаның «Күй-ғұмыр», «Ғазиз жүрек», «Өмір-өзен» телесериалдарында негізгі рөлдерді сомдаған Нарқыз Айдарованың Меңтай рөлін ойнауға құштарлығы оянып, ұзақ ойланып жатпастан, кастинг талаптарына сай анкетасын толтырып, жөнелтеді.

Ал Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясын актер, теледиктор мамандығы бойынша тәмамдаған, радиода жұмыс істейтін, бұған дейін Qazaqstan телеарнасының «Ауылдастар» телехикаясында ойнаған жас актер Ермек Тұрғанбек кастинг туралы естігенімен, қарбаласқан түрлі шаруаның басында жүріп, оған қатысуды ұмытып та кеткен көрінеді.

**ЕРМЕК:**

*– Сол жылғы (2020 ж.) мамырдың соңына таман мені іріктеуге шақырып, суретке түсірді. Алдымен «фотопроба» болды. Одан кейін «бейнепробаға» шақырды. Сөйтіп, екі-үш рет шақырылғаннан кейін, телехикая продюсері Ернар Мәліков хабарласып, «Ербол рөлін ойнауға қалай қарайсың, таңдауымыз саған түсіп тұр» дегенде, әрине, қуандым. Академияда ұстаздарымыз «шынайы махаббаттың бойтұмарына айналған осы шығарманы оқыңдар, үлгі алыңдар деп әбден санамызға құйған романдағы бас кейіпкердің бірін ойнау мәртебесі бұйырып тұрғанда, қалай келіспессіз! Ерболдың кастингіне 3,5 мың жігіт қатысқан екен. Мен мұны тағдырымның ерекше сыйы деп қабылдадым. Әзілхан Нұршайықов атамыз өмірде осал адам болмаған, қан майданды жүріп өткен, өмірде көп қиындық көрсе де, мойымаған аяулы тұлға. Егер сізді сол кісіге ұқсатып жатса, қалай бас тартамын!*

**НАРҚЫЗ:**

*– Маған кастингке жіберген анкетамнан кейін арада екі ай өткеннен кейін сағат түнгі 12-де хабарласып, шақырды. Мен де қуандым, әрине. Естуімше, бір Меңтайдың рөліне 5 мың қыздан өтініш түскен екен. Шыны керек, менің кітаптағы Меңтаймен болмысымда көп ұқсастық болды. Бетімдегі табиғи меңім де ұқсайды. Сол үшін де өткен шығармын (күлді).*

**ЕРМЕК:**

*– Мен ол кезде Өнер академиясының 3-ші, ал Нарқыз 1-курсында оқитын. Бір-бірімізді сырттай ғана танимыз, күнде бір дәлізбен жүреміз дегендей. Мен өзі көп ешкіммен араласа бермеймін, төменгі курстың қыздары «аға» деп сыйлап, «сәлеметсіз бе» деп өте шығады. Біз де қарындастарға ізет көрсетіп, бас изесіп, аудиториямызға асығыс басып кете береміз.*



*Бірақ Нарқыздың орнықты, байсалды мінезін, әдемілігін байқап жүретінмін. Ал біреу «күндердің күнінде араларыңда сезім, махаббат болады» десе, сенбес едік. Тіпті, түсірілім басталардан бірер апта бұрын режиссердің бізді таныстырып тұрып: «Сериал аяқталғанда сендер отбасын құрасыңдар, бірге боласыңдар» дегені бар.*

*Түсірілім алаңына бармас бұрын бірнеше күн кеңседе жиналып, дайындалып жүрдік. Ол кезде Нарқыз екеуміз бір-бірімізбен мүлде араласқан емеспіз. Түсірілім басталған кезде ғана «өмірім өзгереді-ау осы» деген ой қылаң берді басымда. Сөйтіп, бір-бір жарым ай өткеннен кейін бір-бірімізге деген кинодағы «ғашықтығымыз» шын өмірдегі сезімге ұласа бастады.*

**НАРҚЫЗ:**

*– Иә, бір жарым ай ішінде отбасын құрдық. Бір-бірімізді танып-білуге осы уақыт жеткілікті болды. Махаббатымызға себепкер – осы сериал. Махаббатымыз түсірілім алаңында өтті сөйтіп. Ермек алғашқы күндері түсірілімнен кеш шыққанда, «өзің жалғыз жүрме, қорқып қаларсың» деп шығарып салатын, бәрі содан басталды ғой. Әрине, бірден ұнатып кеттім деп айта алмаймын. Түсірілім барысында сезімге толы керемет сахналар болды бізде. Ербол мен Меңтайды сомдап жүріп, шын сезімге беріліп, бір-бірімізге бауыр басып кеткен секілдіміз.*



# ЖЫЛДАР»



## Жас отау

Түсірілімнің ең алғашқы күні. Таңертең ертемен жиналған бәрі. Режиссер «қазір сүйісу сахнасы болады» деген кезде, Нарқыздың әбден қобалжығаны бар. Ермек бұрын-соңды ондай сахналарда ойнаған, әрі жігіт қой. Ал Нарқызда ондай сахна болмаған. «Бір-бірімізді танымаймыз да. Ертең телесериал қалың елге көрсетіледі, ата-анамның алдында ұят шығар» деп ойлаған ұяң ару бірден әке-шешесіне хабарласып, рұқсат сұрайды. Ол кісілер «жұмысың ғой, түсінеміз» дегенде барып көңілі орнына түседі. Сөйтсе, сол сахна үшін сол күні Ермек те қобалжыған болып шықты.

«Махаббат, қызық мол жылдар» телесериалының түсірілім жұмыстары үш жарым айға созылды. Соңғы нүктесі 19 қыркүйекте қойылып, ертеңіне, яғни 20 қыркүйекте Нарқыз Ермекке қазақтың кәдесімен ұзатылды. Жігіт жақ та той жасап, ағайын-туыс, дос-жарандар бақыт тіледі.

Ең қызығы сол, Ермек те, Нарқыз да «болашақта жарым өзім секілді актер, актриса, жалпы өнер адамы болмайды, басқа саланың адамын таңдаймын» деп ойлаған екен. Ал қазір екеуі бір саланың, бір бағыттың адамдары болғандығына бек қуанышты. Өйткені, бір-бірін жақсы түсінеді. Бірі түн жарымына дейін түсірілімде жүрсе, екіншісі жөнсіз ренжіп, қайта-қайта телефон соғып, мазасын алмайды, жұмыс барысы солай болатынын түсінеді. Екеуінің әңгімесі ортақ, отбасы туралы, өнер, шығармашылық туралы да. Бір-бірін ұзақ тыңдауға бар, бір-бірін жалықтырмайды. Бір-бірін қайта демеп, қолдап отырады.



**P.S. Кейіпкерлер А.Чехов атындағы кітапхананың естелік-кітабына қолтаңбаларын, жылы лебіздерін қалдырды. Оқырмандармен естелік суретке түсті.**

КІТАП – КӨҢІЛ КІЛТІ

# ҚАЗАҚТЫҢ «ПУШКИНІ»

## «Ғибратты ғұмыр» кітабының тұсаукесері өтті



**Алматыда Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, І дәрежелі «Барыс» және «Парасат» ордендерінің иегері, зерттеуші-ғалым, Тәуелсіз «Тарлан» сыйлығының иегері, ақын Шөмішбай Сариевтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Ғибратты ғұмыр» атты сериялық кітабының салтанатты тұсаукесер рәсімі өтті.**

**Досбол АТАЖАН**

Кітапта ақынның ғылыми зерттеулері, халыққа танымал ән мәтіндері, өлеңдері топтастырылған. Сонымен қатар, әріптес, қаламдастары мен отбасы мүшелерімен түскен фотосуреттері берілген.

Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, ақын-жазушылар, зиялы қауым өкілдері, Шөмішбай Сариевтің жары Жұмагүл Сариева және ақынның ұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Кеңсесінің басшысы Бақытжан Шөмішбайұлы, қазақ эстрадасының жұлдыздары қатысты.

Жазушылар одағы басқармасы төрағасының орынбасары, ақын Бауыржан Жақып өз сөзінде «Шөмішбай Сариев – ХХ және ХХІ ғасырдағы қазақ поэзиясын жоғары көтерген тұлғалардың бірі. Болмысы бөлек болатын. Ақынның қаламынан туған өлеңдері мен әндері халық жадында мәңгі сақталады. Сондықтан да Шөмішбай Нағашыбайұлының есімі қазақ әдебиетінде алтын әріппен жазылып қалды», – деп, ақын шығармашылығының өміршеңдігіне тоқталды.

Өз кезегінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ардагер диктор Сауық Жақанова Шөмішбай Сариевтің өлеңдерін мәнерлеп оқып, жиналғандарды бір серпілтіп тастады. Сонымен қатар, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының аға ғылыми қызметкері Гүлжахан Орда, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Естай Әлікеев сөз сөйлеп, естеліктерімен бөлісті.

Жиын барысында әнші Медеу Арынбаев Ш.Сариев өлеңіне жазылған «Атамекен-ай» мен «Дәурен-ай» әндерін және жас әнші Ермек Берекет ел арасында танымал болып кеткен «Қарағым-ай» әнін орындады.

Кездесу соңында ақынның жары «Ғибратты ғұмыр» сериясы арқылы басылып шыққан кітаптың орны бөлек екенін жеткізді.

*«Шөмішбай Сариевтің 30-дан астам кітабы жарыққа шықты. Бүгін тұсаукесері өткен кітап мен үшін ыстық. Игі бастамаға әулетіміздің атынан ризашылығымды білдіремін»,* – деді Жұмагүл Каженқызы.

Шара аясында Шөмішбай Нағашыбайұлының өмірі мен шығармашылығына арналған кітап көрмесі ұйымдастырылды.

А.БАЙТҰРСЫНОВ – 150



# Ұлт ұстазы шығармаларының тұсаукесері

**«Мемлекеттік тілдің зерттелуі, оқытылуы және қолданылуы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция ұйымдастырылды.**

Мемлекеттік тілдің қоғамдық тұрақтылықты сақтаудағы маңызы және қазақ тілін ұлтаралық қарым-қатынас тіліне айналдырудағы атқаратын рөлі зор. Осыған орай, «Мемлекеттік тілдің зерттелуі, оқытылуы және қолданылуы» атты республикалық ғылыми-практикалық конференция өтті. Конференцияның модераторы мәдениет және қоғам қайраткері, тіл жанашыры Оразкүл Асанғазы. Конференция барысында тіл саясаты және қазақ тілінің қоғамдағы өрісі, қазақ тілін оқытудың жүйесі, латын қарпіне көшудің қиындықтары, оны шешу жолдары, мектепке дейінгі тәрбие және бастауыш білім сынды тақырыптар талқыланды. Сонымен қатар, Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 12 томдық шығармалар жинағының тұсаукесері болды.

Конференцияға Қазақстан Ғалымдар одағының президенті, экономика ғылымының докторы, академик Оразалы Сәбден, жазушы Бексұлтан Нұржекеев, Байынқол Қалиев, Дандай Ысқақ, Өмірхан Әбдіманұлы бастаған филология ғылымының докторлары, профессорлар және өзге де ғалымдар, қазақ тіл танушы ғалымдар, ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері, зиялы қауым және БАҚ өкілдері қатысты. Сонымен бірге, конференция барысында ғалым, тіл жанашыры Бижомарт Қапалбекұлының 60 жас мерейтойы аталып өтті. Оған әріптестері, қатарластары, белгілі ғалымдар мен мәдениет саласының мамандары сый-құрмет көрсетті.

– Бижомарт бауырымыз қазақ тілінің дамуына үлес қосып келе жатқан азамат. Ол еліміз егемендік алған шақтан бастап, талай іргелі істің алдында болды. Сондықтан осындай ер-азаматтарымызды ардақтап, қоғамға кәделі, елеулі істерін елге таныта бергеніміз жөн. Ол Алаш зиялысы Аханның ізін басып, сара жолын жалғастырып жүрген ғалымдардың бірегейі демекпіз, – деді қоғам қайраткері Оразкүл Асанғазы.

Жиында қазақ тіл біліміне зор үлес қосып, терминологияның дамуына, оның статусының жоғарылауына септігін тигізгендігі турасында филология ғылымының докторы Анар Салқынбаева жақсы айтып өтті.

– Ең алдымен, шара өткізу үшін ауқымды аудитория қажет. Осы жиынға белсене қатысып отырғандарға қарап, мұның маңызы жоғары екенін түсінеміз. Ана тіліміздің әлеуметтік желі арқылы белсенділігін арттыру аса қажет дүние. Бижомарт Қапалбекұлы осындай іргелі істің басы-қасында келеді, – деді ол.

Ғалымның елеулі істері жөнінде Абай атындағы ҚҰПУ-дің филология факультеті директорының ғылым жөніндегі орынбасары Алмас Найманбаев та пікір білдірді.

КӨҢІЛ КҮНДЕЛІГІНЕН

# ТОҚСАНЫНШЫ ЖЫЛДАРДЫҢ ТОҚЫРАУЫ

**Ауылда неше түрлі шежірені естисіз. Кейбір әңгімелер адамға ой салады. Үлкендер өздерінің бастан кешкенін айтатын. Ата-әжелер өзінше бір тарих. Көп оқиғаны үлкен кісілерден білетінбіз.**



## Қарашаңырақтағы қонақ

Біз еститін дүниелер көбіне тоқсаныншы жылдардың естелігі еді. Тәуелсіздіктің елең-алаң шағы болатын. Үйімізге келген бейтаныс кісі әңгімесін бастады. Ол жолы әке-шешелеріміз үйде болмады. Мен 8-сыныпта оқитынмын. Көрші ауылдан келген Қаржаубай деген кісі екен. Совхозда атамдармен бірге қызмет етіпті. Үйіміздің шатырына дейін жүк көлігімен тасыпты. Өзі іргелес жатқан Ақтоғаннан келіпті.

Біздің Телікөлмен қашықтығы 3 шақырым болатын. Бар әңгімесін бастады. Тоқсаныншы жылдары совхоз тарапты. Әркім өзіне қажеттісін бөліске салыпты. Кейбірі трактор, ендігісі қой-ешкі, тағы бірі қоймаларды, т.б. жекешелендіріпті. Пысықтары корпоратив құрыпты. Бұрын дүрілдегендер бәсеңдеп, қарапайым жүргендері мал жиып байыпты. Өз кәсібін бастағандар да аз болмапты. Күріш егіп, жоңышқа, мақсары өсіре бастапты. Ал жаңа заманға ебі келмегендер егін-тегінді айналдырып, қолындағы қой-ешкісімен күнелтіпті. Ауылдан көшкендер қатары жыл санап артыпты. Қаланы жағалап, дорба арқалап, апаларымыз коммерсант атаныпты.

Мұның бәрі тіршіліктің таукыметінен туыпты. Әлгі кісі осы оқиғаларды жіпке тізгендей етіп айтып берді. Өзі қара келген арық, мұртты, жасы егде тартқан адам еді. Тоқ құманға шәй қойдым. Дастархан жайдым. Шамамның келгенінше тәтті-дәмділерді ортаға салдым. Сүтті шәйді сораптап, өткен-кеткенді әңгіме қылды. Дәу әжемнің халін сұрағалы келіпті. Бізге туыстығы барға ұқсайды. Бірақ ол кезде үйде менен басқа ешкім болмады. Ол кісіні шығарып салдым. Біздің тегіміз мықты, қазақы туыстықтан ажырамау керектігімізді тағы бір мәрте айтты. Сөйтіп, ескі «москвичін» ыңырантып, қош-сау айтысып өз жөніне жүре барды. Осылайша үйімізге бас сұғатын келім-кетім жолаушы көп болатын. Өйткені, әулеттің үлкен қарашаңырағы-тұғын. Әлі де сол үрдістің сарқыншағы қалған. Дегенмен, бұрынғыдай үлкен кісілер қатары көп емес. Қариялар азайды. Алайда, қазақылықтың қарашаңырағы ауыл барда бұл дәстүр жалғасады демекпіз.

## Бұдан да жаман күнде тойға барған...

Шешей көп дүниені айтып беретін. Әсіресе, тоқсаныншы жылдардағы тоқырауға жиі тоқталатын. Үнемі әңгіменің ауанын сол тарапқа бұратын. Ол уақытта жас болыпты. 1992 жылы мектепті 16 жасында тәмамдапты. Мұғалімнің қызы, бір жағынан өзінің де ынтасы сабаққа бейім болыпты. Екі жыл қатарынан оқуға ілінбепті. Сондағы дәл бүгінгідей қит етсе шетел аспайды. Қызылордаға барып жоғары оқуға оқиды екен. Шамасы жеткендер Алматы асатын көрінеді.

Хош! Сонымен не керек, құр бос жүргенше деп, тігін цехында істепті. Университетке түсуге қаражат тапшы болыпты. Айлық-жалақы жарты жылға дейін төленбепті. Анасы мектепте мұғалім болса да, жалақысын алты ай алмапты. Сол кезде көбісі ұстаздықты қойыпты. Одан гөрі кәсіпке бет бұрыпты. Қайтсін, ақша қажет, бала-шағаны бағу тағы бар. Соның бәрін ойлау керек-ті. Ол жағы өзінше бір әңгіме.

Сонымен оқу да, білім де өз жайына қалады. 1994 жылы тұрмысқа шығады. Дәп бүгінгідей неше түрлі романтикалық әдіспен қызға сөз салу атымен жоқ. Бар болғаны бірнеше мәрте көреді. Тілдеседі. Әрі кетсе, құда түседі. Әйтпесе алдап-сулап алып қашады екен. Ол да сол кездің ерекшелігі болса керек. Қарық болған той жоқ екен. Қиыншылық уақытында ағайын-туыс көмектесіпті. Барша әулет бірігіп тойды да, құдалықты да атқарыпты. Тұрмыс қинаса да, сол уақыттағы суреті, видеоны көрсеңіз, адамдардың жүзінен ашық-жарқын күлкі аңғарылады. Ал қазір бәрі бар. Десе де, бір нәрсе жетіспейтін сияқты.

Шешеміз осылайша көңілі түскенде өткен-кеткенді айтатын. Өзі жоғары оқу оқуды көздейді. Бірақ тоқсаныншы жылдардағы қиыншылық өзінің жас ғұмырын, арманын ұрлағанына қапалы. Дейтұрғанмен, бала-шағасы жақсы болуын тілеп, армандап отырады. Адам ұрпағымен мың жасайды деген рас. Өзі де осы нақылды айтып, бізді еңбек пен білімге, әрдайым кісінің ала жібін аттамауға тәрбиеледі. Сол айтқан нақылы, өнегесі осы күнге дейін азық болып келеді.

## Соңғы киік

Үлкендердің айтуынша, тоқсаныншы жылдардың тоқырауы ауыр тиіпті. Құр балықты қайнатып жеген күндер болыпты. Әркім балапан басымен, тұрымтай тұсымен кетіпті. 1993 жылы қыс қатты болыпты. Сыр бойында қар қалың жаумайды. Қайта үскірік аяз жүріп тұрады. Арқадан соққан суық жел Қаратауды жағалап ызғарға айналады.

Сырдың бір шеті Оңтүстікке жалғасып жатқандығы құтқарады. Қатты суықтан сақтайтын оңтүстік тарап еді. Нақ сол жылы қыстың қытымыр аязының қаттылығынан киіктер ауылға кіріп кетіпті. Жұрт етке қарық болғанға ұқсайды. Ауыл тұрғындары қасқыр ақбөкенді қырып салды деп ойлапты. Сол себептен сол жылы маңайдағы қасқыр атаулыны қырыпты. Атқанын атып, терісін сыпырыпты.

Бірақ бір нәрсені ескермепті. Түз тағысы бөкеннің әлсізін жейді екен. Ең нашарына шабуылдайтын көрінеді. Сөйтіп, араларындағы нашарын жойып отырыпты. Осылайша табиғаттың заңдылығын адамзат бұзыпты. Дәп қазір киік түгілі, қасқырдың өзін табу мұң. Соңғы рет ақын Сәкен Сейфуллин жырлағандай, «көзі қиып атқандар» осы күні сол істеріне өкінеді. Амал нешік, жау кеткеннен кейін қылышыңды тасқа шап, ол сәтті қайта оралта алмайсыз.

**ТҮЙІН:**

**Бүгінде егемендіктің елең-алаң шағы туралы деректі фильм, шежіреге толы кітаптар баршылық. Алайда, біз сол кезде дүние есігін аштық. Сондықтан болар, үлкендердің айтқан әңгімелері жадымызда жатталып қалды. Алда тек биік белестен көрінуге жазсын демекпіз.**

Бетті әзірлеген
**Олжас ЖОЛДЫБАЙ.**

ҮСТЕЛ ТЕННИСІ

**Президент Қасым-Жомарт Тоқаев аралас санатта үстел теннисінен әлем чемпионы атанған Алан Құрманғалиевті құттықтады.**



# Алан Құрманғалиев – әлем чемпионы

Айта кетейік, Тунисте үстел теннисінен жасөспірімдер арасындағы әлем чемпионаты мәресіне жетті. Аралас санатта мысырлық бойжеткен Хана Годамен жұп құраған 15 жасар Алан Құрманғалиев финалда пиренейлік дуэт Тиаго Абиодане (Португалия) мен Мария Берзосты (Испания) 3:2 есебімен жеңіп, Қазақстан үстел теннисінің тарихындағы алғашқы әлем чемпионы атанды. Осы орайда спортшымызға жеделхат жолдаған ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Аланды жетістігімен құттықтады.

*– Қазақстанда үстел теннисінің жанкүйерлері өзіңді мақтан тұтады. Осы жетістіктеріңмен шектелмей, беделді әлемдік турнирлерде ең жоғары жүлделерге ие болу үшін спорттағы шеберлігіңді шыңдай түсуіңе тілектеспін. Бұл міндет сенің қолыңнан келеді! Талмай еңбек ет, күрес және жеңістерге жете бер!* – деп жазылған Мемлекет басшысының жеделхатында.

Бұдан бөлек, халықаралық дәрежедегі спорт шебері жекелей санатта да ел қоржынына екінші жүлдені салды. Әлем чемпионатының жартылай финалына дейін жетіп, жапониялық теннисшіге ғана жол берген Алан қола медаль иегері атанды. Жалпы, үстел теннисімен 7 жастан бастап айналысып жүрген Алан Құрманғалиев Қарағанды қаласының тумасы. Жеке бапкері – Эльмира Әлиева.

АУЫР АТЛЕТИКА

# Әлем чемпионатынан тағы бір қола

**Колумбия астанасы Боготада өтіп жатқан ауыр атлетикадан Әлем чемпионатында Қазақстан қоржынына алғашқы жүлде түсті. 73 келі салмақ дәрежесінде сынға түскен Алексей Чуркин қос жаттығудың нәтижесінде 343 келіні еңсеріп, қола жүлдеге қол жеткізді.**




Қазақстандық зілтемірші алғашқы жаттығуда 153 келімен қола жүлдеге қол жеткізген. Сосын серпе көтеру жаттығуында 190 келілік штанганы ырқына көндіріп, тағы қолаға ие болды. Бір қызығы, әу баста жерлесіміз «В» тобында өнер көрсетуі тиіс болатын.

Алайда, бапкерлердің тактикасы ма, әлде спортшымыздың өзіне деген сенімділігі артты ма, әйтеуір соңғы сәтте шешім өзгеріп, жүлдеге таласты. Бұл салмақта индонезиялық Рахмат Эрвин Абдулла 352 келімен топ жарса, отандасы Ризки Джуниансиа 5 келі аз көтеріп (347 келі) күміс жүлдегер атанды Сондай-ақ, дәл осы салмақта ел намысын қорғаған Анатолий Савельев 307 келімен (140+167) жалпы есепте 8-сатыдан көрінді.

КАТАР–2022

# Төрт мықтының қайсысы үздік?

**Бүгін Катардың «Лусаил» стадионында Әлем чемпионатының алғашқы финалисі анықталады. Ал 18 желтоқсанда дәл осы аренада төрткүл дүниенің үздік құрамасы белгілі болады. Әзірге жартылай финал. Қайсысының шоқтығы биік болар екен?**

Көз алдыңызға елестетіп көріңізші. Әлем чемпионы атағына таласу үшін бұл додаға алты құрлықтан 210 мемлекет бәйгеге түсіпті. Іріктеу кезеңі 2019 жылдың маусым айында басталып кеткен. Әр ойын маңызды, әр ойында ел намысы сынға салынады. Міне, сол 210 елдің ішінен төртеуі ғана қалып тұр. Марокко үшін үлкен мақтаныш, хорваттардың да көкірегін бір мақтаныш кернейтін шығар, аргентиналықтар да өз елін әлемге асқақтатуда, Франция да өз мықтылықтарын дәлелдеп жатыр. Олардың әлемде де жанкүйерлері жетерлік. Бүгін және ертең жартылай финалдың ойындары. Алғашқы финалисті өзара текетірес арқылы Аргентина мен Хорватия құрамалары анықтаса, ертең Марокко кезекті мықтыны, яғни Францияны еліне қайтаруға тырысады. Міне, осы екі матчқа тоқталып көрелік.

### Аргентина – Хорватия

Бір жағында Лионель Месси, екінші тарапта Лука Модрич. Екеуі де бір буынның өкілдері, екеуі де өз құрамасында ұстаз, командасын алға сүйрей алатын көшбасшылар. Соңғы рет Аргентина мен Хорватия 2018 жылғы Әлем чемпионатының топтық кезеңінде кездескен. Қайсысы жеңді деп ойлайсыздар? Хорватия. 3:0 есебімен еуропалықтардың басым түскені әлі есімізде. Хорват қорғаушыларының құрсауынан шыға алмай Лионель Месси бастаған жігіттердің салы суға кеткені әлі күнге көз алдымызда. Бірақ сол құрамнан Аргентинада қазір алтауы-ақ қалған. Ал төрт жыл бұрын аргентиналықтарға қарсы ойнаған хорваттардың жетеуі бүгінде негізгі құрамда.

Енді қос команданың үздіктеріне тоқталайық. Әлбетте, бірінші ретте еске түсетіні – жоғарыдағы Месси мен Модрич. Ойын осы екі ойыншының көңіл күйіне байланысты болмақ. Командаластарының басты моторы саналатын бұл екеуі бір-бірімен ежелден ежелден қарсылас. Бірі кезінде «Барселонаны» өрге сүйреген, екіншісі әлі күнге «Реалдың» негізгі ойыншысы. Дегенмен, жастарына байланысты шығар, ұлттық құрамадағы ең қымбаты бұлар емес. Футболшылардың бағасын анықтаумен айналысатын Transfermarkt орталығының зерттеуінше, Мессидің бағасы бар болғаны – 50 млн евро. Ал Модрич, тіпті, арзан – 10 млн евро. Аргентинада ең қымбаты – Лаутаро Мартинес. Нидерланд қақпасына шешуші пенальтиді соққан «Интер» шабуылшысының құны – 75 млн евро. Ал Хорватияда – Йошко Гвардиол. «Лейпциг» қорғаушысының құны 60 млн евро екен.



### Аргентина – Хорватия текетіресінің тарихы

| Жыл | Ойын | Ойын мәртебесі |
|---|---|---|
| 1994 | Хорватия – Аргентина 0:0 | Жолдастық кездесу |
| 1998 | Аргентина – Хорватия 1:0 | Әлем чемпионаты |
| 2006 | Хорватия – Аргентина 3:2 | Жолдастық кездесу |
| 2014 | Аргентина – Хорватия 2:1 | Жолдастық кездесу |
| 2018 | Аргентина – Хорватия 0:3 | Әлем чемпионаты |

### Франция – Марокко текетіресінің тарихы

| Жыл | Ойын | Ойын мәртебесі |
|---|---|---|
| 1988 | Франция – Марокко 2:1 | Халықаралық турнир |
| 1998 | Марокко – Франция | Жолдастық кездесу |
| 1999 | Франция – Марокко 1:0 | Жолдастық кездесу |
| 2000 | Франция – Марокко 5:0 | Жолдастық кездесу |
| 2007 | Франция – Марокко 2:2 | Жолдастық кездесу |

### Франция – Марокко

«Әл-Байт» стадионында өтетін ертеңгі ойынды күтіп отырғандар да өте көп. Топтық кезеңде Канада мен Бельгияны тізе бүктіріп, плей-офф кезеңдерінде Испания мен Португалияны елдеріне қайтарған Марокко енді Францияға қарсы ойында да ерлік жасауға тырысады.

Африкалықтар үшін ертеңгі ойынның маңызы зор. Араб тілді мемлекет болғанымен өткен ғасырдың алғашқы жартысында Францияның отары болған олар тәуелсіздігін 1956 жылы ғана алған. Ресми тілі араб пен бербер болса да, әлі күнге дейін мұнда француз тілінің ықпалы жоғары. Францияда да марокколықтар аз емес. Испанияны жеңгеннен кейін жанкүйерлер Елисей бойында біраз тойлады. Ал Португалияны ұтқан соң марокколық фанаттар Парижді, тіпті, төңкеріп жібере жаздады. Ертең қалай болар екен?

Жалпы, Франция мен Марокко бүгінге дейін бес рет кездескен. Соңғы рет 2007 жылы. Францияда өткен ойын 2:2 есебімен аяқталған. Бірақ ешқашан марокколықтар «әтештерді» жеңе алмапты.

Енді қос құраманың көшбасшыларына тоқталайық. Әлбетте, бірінші ретте еске Киллиан Мбаппе түскенімен «үш жолақтыларда» Антуанн Гризман да мықты, Дембеле де дем бере алады, Жиру да жарап тұр, Чуаменидің ойыны сұмдық. Қорғаныс да қорқынышты. Ал қақпадағы Уго Льорис осы жолы үздік голкипер атанып жатса, таңқалмаймыз. Бұл жағынан Марокко мықтылармен мақтана алмайтын шығар. Бірінші ретте командалық ойынға арқа сүйейді. Дегенмен, Ашраф Хакими, Юсеф әл-Несери, Хаким Зиеш және қос Софьян – Амбрабат пен Буфальді айтпай кетуге болмайды. «Севилья» қақпашысы Яссин Буну да өзіне өте сенімді.

Әзірлеген
**Әзиз ЖҰМАДІЛ.**

## ҚАЛАЛЫҚТАР ҚАПЕРІНЕ!




## «JAS GALA»

# ENERGY YOUTH би жарысы өтті

Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ

**Алматыда жас өнерпаздарға арналған «JAS GALA» шығармашылық жастардың іс-шаралар кешенін іске асыру аясында «ENERGY YOUTH» қалалық би жарысы өтті. Жарыс HIP-HOP, popping, waacking, all styles сияқты танымал бағыттар бойынша ұйымдастырылды. 8–35 жас аралығындағы өнерпаздар өзара бақ сынасып, қаржылай сыйлыққа ие болды.**

*«Би жарыс соңғы рет осыдан 5 жыл бұрын «Медеу» тау-шаңғы спорт кешенінде ұйымдастырылды. Кейін пандемияға байланысты бұл жоба тоқтап қалды. Өздеріңіз білесіздер, бишілерге қомақты қаржы табу өте қиын. Көше билерін билеу, хореография арқылы ғана табыс табамыз. Сол себептен олардың өнерін шыңдауға, көмек беру мақсатында осындай шаралар ұйымдастырылып отырғаны абзал. Өзімнің бимен айналысып келе жатқаныма 15 жылдың жүзі болыпты. Қазіргі уақытта жастарымыздың өнерге қызығушылық танытып келе жатқаны қуантады»,* – дейді ұйымдастырушы Ғазиз Мәлібеков.

Жобаға қатысу мақсатында Қырғызстан, Өзбекстан, Ресей сынды көршілес мемлекеттерден талантты өнерпаздар келген. Еліміздің әр аймақтарынан бірнеше жастар жиналған. Жоғары деңгейдегі бишілер өзара бақ сынасты.

*«Бимен айналысып жүргеніме 10 жылдай уақыт өтіпті. Өз елімізден бөлек, шетелдің де баттлдарына қатысып, жүлдегер атанғанмын. Алматы өнердің астанасы дейміз, біздің қаламызда да мұндай жарыстар өте сирек ұйымдастырылады. Бұл бізді қынжылтады. Осындай жобалардың арқасында біздер талантты бишілерден дәріс аламыз, олардың қойылымын көруге мүмкіншілігіміз туады. Алдағы уақытта осындай жобалар іске асып отырады деген сенімдеміз»,* – дейді қатысушы Емир Асланбеков.

Іс-шара жас бишілер мен тәжірибелі хореографтардың қатысуымен сауда-ойын-сауық кешенінде өтті. Баттлдың жалпы жүлде қоры 1 000 000 теңгені құрады.

Би баттлы Алматы қаласы Жастар саясаты басқармасының әлеуметтік тапсырысы бойынша ұйымдастырылған.

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Алматы жылу жүйесі» ЖШС тұтынушыларға «құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағына сәйкес ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша 2022 жылғы 11 қаңтардағы №01-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы хабарлайды. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаментінің 2022 жылғы 11 қаңтардағы №01-НҚ «тарифті бекіту туралы» 2021 жылғы 29 қарашадағы №143-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 2022 жылғы 6 желтоқсандағы №155-НҚ бұйрығының негізінде және «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің 2022–2026 жылдарға арналған жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтерге тарифтік смета», стратегиялық тауарлар құнының және (немесе) мемлекеттік реттеуге жататын тарифтердің (бағалардың) өзгеруіне байланысты «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын беру, бөлу және жабдықтау жөніндегі қызметтеріне тарифтер бекітілді:

– 2022 жылы мөлшері – ҚҚС-мен 2 655,26 теңге/Гкал;
– 2023 жылы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіле отырып – ҚҚС-мен 2 796,16 теңге/Гкал;
– 2024 жылы – ҚҚС-мен 2 850,79 теңге/Гкал;
– 2025 жылы – ҚҚС-мен 2 901,12 теңге/Гкал;
– 2026 жылы – ҚҚС-мен 2 942,44 теңге/Гкал.

**«Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жылу энергиясын есепке алу аспаптарының болуына немесе болмауына байланысты жылу энергиясымен жабдықтау қызметтеріне сараланған тарифтері**

*(ҚҚС-мен)*

| № | Тұтынушылар атауы | Өлшем бірлігі | 2022 ж. 01.01. | 2023 ж. 01.01. | 2024 ж. 01.01. | 2025 ж. 01.01. | 2026 ж. 01.01. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **Халық тобына кіретін, жеке тұлғалар тарифі - тұтынушыларға арналған тариф** | **Теңге/Гкал** | **5 308,16** | **5 839,23** | **6 072,81** | **6 315,71** | **6 568,34** |
| 1.1 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 6 369,79 | 7 007,08 | 7 287,37 | 7 578,86 | 7 882,01 |
| 1.2 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 4 670,00 | 5 137,23 | 5 342,71 | 5 556,42 | 5 778,67 |
| 1.3 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын жеке тұлғалар тобына кіретін халық тобы – тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 5 308,16 | 5 839,23 | 6 072,81 | 6 315,71 | 6 568,34 |
| **2** | **Өзге де тұлғаларға арналған тариф** | **Теңге/Гкал** | **8 999,91** | **9 900,34** | **10 296,35** | **10 708,21** | **11 136,53** |
| 2.1 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 11 699,87 | 12 870,44 | 13 385,25 | 13 920,67 | 14 477,49 |
| 2.2 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 6 547,55 | 7 202,63 | 7 490,73 | 7 790,36 | 8 101,98 |
| 2.3 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ ескірген, апаттық жағдайларда, барак тәрізді үйлерде тұратын бюджеттік ұйымдарға кірмейтін, өзге де тұтынушыларға арналған тариф | Теңге/Гкал | 6 104,38 | 6 715,12 | 6 983,73 | 7 263,08 | 7 553,59 |
| **3** | **Бюджеттік ұйымдарға арналған тариф** | **Теңге/Гкал** | **24 259,77** | **25 698,42** | **24 883,89** | **23 910,87** | **22 748,25** |
| 3.1 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары бар, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф | Теңге/Гкал | 23 988,08 | 25 410,63 | 24 605,21 | 23 643,09 | 22 493,50 |
| 3.2 | Үйге ортақ жылу энергиясын есептеу аспаптары жоқ, бюджеттік ұйымдарға арналған тариф | Теңге/Гкал | 36 389,65 | 38 547,64 | 37 325,84 | 35 866,30 | 34 122,38 |

**Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тұтынушылары үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту үшін төлем мөлшері**

*(ҚҚС-мен)*

| № | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2022 ж. 01.01. | 2023 ж. 01.01. | 2024ж. 01.01. | 2025 ж. 01.01. | 2026 ж. 01.01. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** |
| I | Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | | | | | | |
| 1 | Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары | Теңге/адам | 1 451,81 | 1 574,29 | 1 628,21 | 1 688,94 | 1 746,24 |
| 1.1. | Пәтер типтес жатақханалар: | | | | | | |
| а) | ортақ душпен | Теңге/адам | 691,34 | 749,66 | 775,34 | 804,25 | 831,54 |
| б) | барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері | Теңге/адам | 829,61 | 899,60 | 930,41 | 965,10 | 997,85 |
| в) | барлық тұрғын ұяшықтардағы ванналармен | Теңге/адам | 1 659,21 | 1 799,19 | 1 860,81 | 1 930,21 | 1 995,71 |
| 2. | Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | Теңге/м³ | 422,73 | 457,89 | 473,38 | 490,93 | 507,36 |
| II | Жылыту аралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | | | | | | |
| 3. | Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары | Теңге/адам | 1 207,70 | 1 305,74 | 1 348,93 | 1 398,48 | 1 444,16 |
| 3.1. | Пәтер типтес жатақханалар: | | | | | | |
| а) | ортақ душпен | Теңге/адам | 575,09 | 621,78 | 642,34 | 665,94 | 687,70 |
| б) | барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері | Теңге/адам | 690,11 | 746,14 | 770,82 | 799,13 | 825,24 |
| в) | барлық тұрғын ұяшықтардағы ванналармен | Теңге/адам | 1 380,22 | 1 492,28 | 1 541,63 | 1 598,26 | 1 650,48 |
| 4. | Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | Теңге/м³ | 390,88 | 422,86 | 436,93 | 453,04 | 467,95 |
| 5. | Жылыту үшін төлем | | | | | | |
| 5.1. | Қазан | айына теңге/м² | 32,93 | 36,23 | 37,68 | 39,18 | 40,75 |
| 5.2. | Қараша | айына теңге/м² | 152,05 | 167,26 | 173,95 | 180,90 | 188,15 |
| 5.3. | Желтоқсан | айына теңге/м² | 206,76 | 227,45 | 236,54 | 246,01 | 255,85 |
| 5.4. | Қаңтар | айына теңге/м² | 228,48 | 251,34 | 261,40 | 271,86 | 282,73 |
| 5.5. | Ақпан | айына теңге/м² | 192,49 | 211,76 | 220,23 | 229,03 | 238,19 |
| 5.6. | Наурыз | айына теңге/м² | 154,40 | 169,85 | 176,65 | 183,71 | 191,06 |
| 5.7. | Сәуір | айына теңге/м² | 7,45 | 8,20 | 8,52 | 8,87 | 9,22 |

**Жылу энергиясын есепке алу аспаптары жоқ, «Алматы жылу жүйесі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің үйге ортақ жылу энергиясын есепке алу аспаптарын орнатуға техникалық мүмкіндігі жоқ, ескі, апаттық үй-жайларда, барак үлгісіндегі үйлерде тұратын және орналасқан тұтынушылар үшін ыстық сумен жабдықтау және жылыту төлемінің мөлшері**

*(ҚҚС-мен)*

| № | Көрсеткіштер атауы | Өлшем бірлігі | 2022 ж. 01.01. | 2023 ж. 01.01. | 2024 ж. 01.01. | 2025 ж. 01.01. | 2026 ж. 01.01. |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | **2** | **3** | **4** | **5** | **6** | **7** | **8** |
| I | Жылыту кезеңінде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | | | | | | |
| 1. | Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары | Теңге/адам | 1 248,39 | 1 350,50 | 1 395,47 | 1 446,88 | 1 494,51 |
| 1.1. | Пәтер типтес жатақханалар: | | | | | | |
| а) | ортақ душпен | Теңге/адам | 594,46 | 643,09 | 664,51 | 688,99 | 711,67 |
| б) | барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері | Теңге/адам | 713,36 | 771,71 | 797,42 | 826,80 | 854,01 |
| в) | барлық тұрғын ұяшықтардағы ванналармен | Теңге/адам | 1 426,72 | 1 543,43 | 1 594,82 | 1 653,58 | 1 708,01 |
| 2. | Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | Теңге/м³ | 364,34 | 393,66 | 406,57 | 421,46 | 435,11 |
| II | Жылытуаралық кезеңде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | | | | | | |
| 3. | Қол жуғыштармен, жуғыштармен және ванна бөлмелерімен, орталықтандырылған суық, ыстық сумен және кәрізбен жабдықталған биіктігі 75 м-ге дейінгі көп пәтерлі тұрғын үй ғимараттары | Теңге/адам | 1 044,95 | 1 126,71 | 1 162,74 | 1 204,84 | 1 242,77 |
| 3.1. | Пәтер типтес жатақханалар: | | | | | | |
| а) | ортақ душпен | Теңге/адам | 497,59 | 536,52 | 553,68 | 573,73 | 591,80 |
| б) | барлық тұрғын бөлмелердегі душ бөлмелері | Теңге/адам | 597,12 | 643,83 | 664,42 | 688,47 | 710,16 |
| в) | барлық тұрғын ұяшықтардағы ванналармен | Теңге/адам | 1 194,22 | 1 287,67 | 1 328,83 | 1 376,95 | 1 420,32 |
| 4. | Ыстық суды есепке алудың жеке аспаптары болған кезде ыстық сумен жабдықтау үшін төлем | Теңге/м³ | 337,80 | 364,47 | 376,21 | 389,88 | 402,27 |
| 5. | Жылыту үшін төлем | | | | | | |
| 5.1. | Қазан | айына теңге/м² | 27,44 | 30,18 | 31,39 | 32,65 | 33,96 |
| 5.2. | Қараша | айына теңге/м² | 126,71 | 139,38 | 144,96 | 150,75 | 156,79 |
| 5.3. | Желтоқсан | айына теңге/м² | 172,30 | 189,54 | 197,12 | 205,00 | 213,20 |
| 5.4. | Қаңтар | айына теңге/м² | 190,40 | 209,45 | 217,83 | 226,54 | 235,60 |
| 5.5. | Ақпан | айына теңге/м² | 160,42 | 176,47 | 183,52 | 190,86 | 198,50 |
| 5.6. | Наурыз | айына теңге/м² | 128,67 | 141,55 | 147,20 | 153,09 | 159,22 |
| 5.7. | Сәуір | айына теңге/м2 | 6,22 | 6,83 | 7,10 | 7,39 | 7,68 |

## ҚАУЛЫ

**Алматы қаласы мәслихаты шешімін мемлекеттік тіркеу туралы**
**АҚПАРАТ**

**Алматы қаласы мәслихатының 2022 жылғы 30 қарашадағы №189 шешімі Әділет министрлігімен нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне 2022 жылғы 2 желтоқсанда №30919 болып енгізілді.**

**ШЕШІМ**

**2022 жылғы 30 қараша** **№189**

### «Алматы қаласындағы 2020-2022 жылдарға арналған әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Алматы қаласының мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. «Алматы қаласындағы 2020-2022 жылдарға арналған әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы» Алматы қаласы мәслихатының 2020 жылғы 18 наурыздағы №431 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №1262 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешімнің тақырыбы жаңа редакцияда жазылсын:

«Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесін айқындау туралы»;

көрсетілген шешімнің қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2022 жылғы 1 мамырдан бастап туындаған құқықтық қатынастарға қолданылады.

**Алматы қаласы мәслихатының хатшысы** **С.КАНКУРОВ**

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2022 жылғы 30 қарашадағы*
*№189 шешіміне қосымша*

*Алматы қаласы мәслихатының*
*2020 жылғы 18 наурыздағы*
*№431 шешіміне қосымша*

**Алматы қаласындағы әлеуметтік маңызы бар қатынастардың тізбесі**

| № р/с | Маршрут нөмірі | Маршрут атауы |
|---|---|---|
| **1** | **2** | **3** |
| 1 | 1 | 2-ші Остроумов көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 2 | 2 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Таулы қырат» шағынауданы |
| 3 | 3 | «Орбита» шағынауданы – Әуежай (түнгі экспресс) |
| 4 | 4 | «Қарағайлы» шағынауданының мектебі – «Думан» шағынауданы |
| 5 | 5 | Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ Төбе» кенті |
| 6 | 5а | Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ұлы Отан соғысы» госпиталі |
| 7 | 5б | Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі – «Ақ қайың» шипажайы |
| 8 | 5в | Қайың тоғайы – Достық даңғылы – Оспанов көшесі |
| 9 | 7 | «Зерделі» шағынауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы |
| 10 | 8 | «Жас қанат» шағынауданы – «Райымбек батыр» метро бекеті |
| 11 | 10 | «Райымбек батыр» метро бекеті – «Боралдай» әуежайы |
| 12 | 11 | «Думан» шағынауданы – «Абай» кенті (Абай саяжайлары) |
| 13 | 12 | «Алматы-2» теміржол вокзалы – «Медеу» мұз айдыны |
| 14 | 13 | «Мәдениет және демалыс саябағы» – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі |
| 15 | 14 | «Дәрия» шағынауданы – «Асыл Арман» тұрғын үй кешені |
| 16 | 15 | «Нұрлытау» шағынауданы – «Барлық» базары |
| 17 | 16 | «Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Мәдениет және демалыс саябағы» |
| 18 | 17 | «Думан» шағынауданы – «Айнабұлақ-3» шағынауданы |
| 19 | 18 | Победа көшесі – Саин көшесі – Торайғыров көшесі |
| 20 | 19 | «Нұркент» шағынауданы – «Қазақфильм» шағынауданы |
| 21 | 20 | «Думан» шағынауданы – «Қарасу» шағынауданы |
| 22 | 21 | Станиславский көшесі – «Көк-Төбе» шағынауданы |
| 23 | 22 | Мақатаев көшесі – «Барлық» базары |
| 24 | 23 | «№7 қалалық клиникалық ауруханасы» – «Қырғауылды» кенті |
| 25 | 24 | «Өжет» шағынауданы – «Мәдениет» шағынауданы |
| 26 | 25 | «Саялы-2» шағынауданы – Байтұрсынов – Мақатаев көшелері |
| 27 | 26 | «№ 7 қалалық клиникалық ауруханасы» – Экологиялық бекет – «Тау жолы» кенті |
| 28 | 27 | «Жас қанат» шағынауданы – Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы |
| 29 | 28 | «Орбита 2-4» шағынауданы – 2-Гидроэлектростанциясы |
| 30 | 29 | 2-ші Остроумов көшесі – «Мұзтау» шағынауданы |
| 31 | 29р | Қалдаяқов көшесі – Экологиялық бекет |
| 32 | 30 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Нұр Алатау» шағынауданы |
| 33 | 31 | «Қазақфильм» шағынауданы – «Абай» шағынауданы |
| 34 | 32 | «Арман» автобекеті – «Жұлдыз» шағынауданы |
| 35 | 33 | «Саялы» шағынауданы – «Әлмерек» шағынауданы |
| 36 | 34 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті |
| 37 | 35 | «Адем» сауда орталығы – «Қарасу» шағынауданы |
| 38 | 36 | «Маяк» шағынауданы – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 39 | 37 | «Мамыр» шағынауданы – «Магнум» сауда үйі |
| 40 | 38 | Әл-Фараби даңғылы – Алматы шығыс айналма жолы – Саин көшесі – Рысқұлов даңғылы |
| 41 | 39 | Жандосов – Вахтангов көшелері – «Дария» шағынауданы |
| 42 | 40 | Гончаров көшесі – Мақатаев көшесі |
| 43 | 41 | «Көкжиек» шағынауданы – «Гүлдала» кенті |
| 44 | 42 | Құрылыс комбинаты – Қонаев көшесі |
| 45 | 43 | Қайырбеков – Жібек жолы көшелері – Бригадная көшесі |
| 46 | 44 | «Алма Сити» тұрғын үй кешені – «Орталық стадион» |
| 47 | 45 | «Шаңырақ» шағынауданы – «Самал» шағынауданы |
| 48 | 46 | Бидайық көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 49 | 47 | 2-ші Остроумов көшесі – «Барлық» базары |
| 50 | 48 | Халыққа қызмет көрсету орталығы – «Таулы қырат» шағынауданы |
| 51 | 49 | «Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Карьерная көшесі |
| 52 | 50 | «Айша Бибі» шағынауданы – «Ақжар» шағынауданы |
| 53 | 51 | «Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Жұлдыз Жаңа құрылыс» шағынауданы |
| 54 | 52 | 6 қалалық кешені – «Қырғауылды» кенті |
| 55 | 53 | «Мамыр-1» шағынауданы – «Кемертоған» кенті |
| 56 | 54 | Крылов көшесі – «Аспан Сити» тұрғын үй кешені – Алатау тас жолы |
| 57 | 55 | «Сарыарқа» метро бекеті – «Барлық» базары |
| 58 | 56 | «Көкмайса» шағынауданы – «Қазақфильм» шағынауданы |
| 59 | 57 | «Саялы-2» шағынауданы – Республика сарайы |
| 60 | 59 | Саин көшесі «Орбита-3» шағынауданы – «Жетісу» базары |
| 61 | 60 | Қалдаяқов көшесі – Кеңсай саяжайлары |
| 62 | 62 | Хан Тәңірі көшесі – Қазығұрт – 12 қалалық аурухана |
| 63 | 63 | «Арман» автобекеті – Қонаев көшесі |
| 64 | 65 | «Ақсай-3Б» шағынауданы – «Думан» шағынауданы |
| 65 | 66 | Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы – 28 Панфиловшылар паркі |
| 66 | 67 | «Қазақфильм» шағынауданы – «Абай» шағынауданы |
| 67 | 68 | «Есентай молл» сауда үйі – Алматинская көшесі |
| 68 | 69 | «Жетісу» базары – «Ұлжан» шағынауданы |
| 69 | 70 | «Таулы қырат» шағынауданы – «Көкжиек» шағынауданы |
| 70 | 71 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы |
| 71 | 72 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – 6 шағынауданы |
| 72 | 73 | Балтабаев көшесі – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 73 | 74 | «Рахат» кондитерлік фабрикасы – «Алматы-1» теміржол вокзалының көпірі |
| 74 | 77 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Арман» автобекеті |
| 75 | 78 | «Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – Жалпақсай кенті |
| 76 | 79 | Жандосов – Саин көшелері – «Әлмерек» шағынауданы |
| 77 | 80 | «Айнабұлақ-3,4» шағынауданы – «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы |
| 78 | 81 | 71 разъезд – Қожабеков көшесі |
| 79 | 85 | «Мамыр-1, 7» шағынауданы – «Жұлдыз» шағынауданы |
| 80 | 86 | Торайғыров көшесі – Азаматтық авиация академиясы |
| 81 | 88 | Қонаев – Мақатаев көшелері – Батыс зираты |
| 82 | 92 | Әуежай – «Мамыр» шағынауданы |
| 83 | 95 | «Барлық» базары – «Көк-Төбе» шағынауданы |
| 84 | 98 | «Байтал» тұрғын үй кешені – «Райымбек батыр» метро бекеті |
| 85 | 99 | «Ақбұлақ» шағынауданы – «Көк-Төбе» шағынауданы |
| 86 | 100 | «Асыл Арман» тұрғын үй кешені – «Бесағаш» кенті |
| 87 | 101 | Индустриялық аймақ – «Хайлибери» мектебі |
| 88 | 102 | «Барлық» базары – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 89 | 103 | «Арман» автобекеті – «Шаңырақ-1» шағынауданы |
| 90 | 104 | «Таугүл-3» шағынауданы – Бидайық көшесі |
| 91 | 104а | Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Қарғалы» шағынауданы |
| 92 | 105 | «Мәдениет» шағынауданы – Төле би – Яссауи айналма алаңы |
| 93 | 106 | «Әлмерек» шағынауданы – «Жетісу» шағынауданы |
| 94 | 107 | Достық даңғылы – Оспанов көшесі – «Көлсай» кенті |
| 95 | 108 | «Алма-Арасан» шағынауданы – №190 мектеп |
| 96 | 109 | «Алғабас» шағынауданы – 6 шағынауданы |
| 97 | 110 | Төле би – Яссауи көшелері – №176 мектеп |
| 98 | 111 | «Көк-Төбе» шағынауданы – Қалдаяқов көшесі – Жібек жолы көшесі |
| 99 | 112 | Макатаев көшесі – «Барлық» базары |
| 100 | 113 | «Жетісу» базары – Саин көшесі («Орбита-3» шағынауданы) |
| 101 | 114 | «Сұлусай» кенті – Абдуллиндер көшесі |
| 102 | 115 | №184 мектеп – «Өжет» базары |
| 103 | 116 | «Нұрлытау» шағынауданы – Розыбакиев көшесі – Райымбек даңғылы |
| 104 | 117 | Қонаев-Мақатаев көшесі – «Алатау» шағынауданы (Ядролық физика институты) |
| 105 | 118 | Строительная көшесі Наурызбай ауданы – «Мәдениет және демалыс саябағы» |
| 106 | 119 | «Қарғалы» шағынауданы – «Райымбек батыр» метро бекеті |
| 107 | 120 | «Айнабұлақ-4» шағынауданы – «Жетісу» базары |
| 108 | 121 | «Жұлдыз-1, 2» шағынауданы – «Орбита» шағынауданы |
| 109 | 122 | «Рахат» кенті – Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы |
| 110 | 123 | Қожабеков көшесі – «Көкжиек» шағынауданы |
| 111 | 124 | «Таулы қырат» шағынауданы – «Водник» шағынауданы |
| 112 | 125 | «Көкжиек» шағынауданы – Жұбанов көшесі |
| 113 | 125а | №179 мектеп – «Шаңырақ-6» шағынауданы |
| 114 | 126 | «Мәдениет және демалыс саябағы» – «Таусамалы» шағынауданы |
| 115 | 127 | «Қазақфильм» шағынауданы – Қонаев көшесі |
| 116 | 128 | «Самал» шағынауданы – «Барлық» базары |
| 117 | 129 | «Қарасу» шағынауданы – «Рахат» кондитерлік фабрикасы |
| 118 | 131 | «Рахат» кондитерлік фабрикасы – Иштван Қоңыр көшесі |
| 119 | 132 | «Ұлжан-1» шағынауданы – «Ұлжан-2» шағынауданы – Өтемісов көшесі |
| 120 | 133 | Қонаев – Мақатаев көшелері – «Өжет» базары |
| 121 | 133а | «Новый» шағынауданы – №179 мектеп |
| 122 | 135 | «Арман» автобекеті – «Алматы-1» теміржол вокзалы |
| 123 | 137 | Наурызбай ауданының әкімшілік орталығы – «Ақбұлақ» базары |
| 124 | 138 | «Адем» сауда орталығы – «Жетісу» базары |
| 125 | 141 | «Айнабұлақ-3, 4» шағынауданы – Экологиялық бекет |
| 126 | 142 | «Мамыр-1» ықшам ауданы – «2-ші ЖЭО» |
| 127 | 201 | Алматы шығыс айналма жолы – 13 шағынауданы – Мөңке би көшесі |
| 128 | 202 | «Сайран» автовокзалы – Қаскелен қаласы |
| 129 | 203 | «Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы |
| 130 | 204 | «Райымбек батыр» метро бекеті – «Белбұлақ» кенті |
| 131 | 205 | «Жетісу» базары – «Орбита-2, 4» шағын аудандары |
| 132 | 206 | Алматы шығыс айналма жолы – Төле би көшесі – Яссауи көшесі |
| 133 | 207 | «Райымбек батыр» метро бекеті – Талғар қаласы |
| 134 | 208 | «Алматы-2» теміржол вокзалы – Қоянкұс кенті |
| 135 | 209 | «Спорт сарайы» – «Пионер» тау курорты |
| 136 | 210 | «Спорт сарайы» – «Ой-Қарағай» тау курорты |
| 137 | 212 | Жандосов – Саин көшелері – Жандосов кенті – «Шамалған» кенті |
| 138 | 213 | «Көлащы» кенті – ҮАК (Үлкен Алматы каналы) |
| 139 | 214 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Жаңаталап» кенті |
| 140 | 215 | «Жас қанат» шағынауданы – «Ынтымақ» кенті |
| 141 | 217 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Әли» кенті |
| 142 | 219 | «Адем» сауда орталығы – «Қарасу» кенті |
| 143 | 220 | «Райымбек батыр» метро бекеті – «Жетіген» кенті |
| 144 | 221 | «Райымбек батыр» метро бекеті – «Қайнар» кенті |
| 145 | 222 | «Айғаным» кенті – «Райымбек батыр» метро бекеті |
| 146 | 224 | «Ақбұлақ» тау-шаңғы курорты – «Орталық стадион» |
| 147 | 225 | «Саяхат» автовокзалы – Есік қаласы |
| 148 | 226 | «Бауыржан Момышұлы» метро бекеті – «Жаңатұрмыс» кенті |
| 149 | 227 | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Чапаев» кенті |
| 150 | 228 | «Өтеген батыр» кенті – Панфилов көшесі |
| 151 | 230 | Төле би – Яссауи көшелеріндегі айналма алаңы – Қаскелең қаласы |
| 152 | 231 | «Комсомол» кенті – «Жәпек батыр» ауылы – «Саяхат» автовокзалы |
| 153 | 1-тп | «Мәдениет және демалыс саябағы» – Қожабеков көшесі |
| 154 | 5-тп | «Алматы-2» теміржол вокзалы – «Ақсай» шағынауданы (Марғұлан көшесі) |
| 155 | 6-тп | «Алматы-2» теміржол вокзалы – Төле би көшесі – Бауыржан Момышұлы көшесі |
| 156 | 7-тп | «Алматы-1» теміржол вокзалы – «Атакент» Қазақстан іскерлік ынтымақтастық орталығы |
| 157 | 9-тп | «Орталық базар» – Қожабеков көшесі |
| 158 | 11-тп | «Орталық базар» – Жұбанов көшесі |
| 159 | 12-тп | «Мәдениет және демалыс саябағы» – Саин және Жандосов көшелері |
| 160 | 19-тп | «Орталық базар» – Школьный көшесі |
| 161 | 25-тп | «Мәдениет және демалыс саябағы» – Марғұлан көшесі |

«Alataý Aqparat» ЖШС ұжымы «Баспасөзді тарату цехы» ЖШС директоры Салидат Базарбекқызы Мамырхановаға әкесі – ақын, журналист, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

**Базарбек АТШАБАРОВТЫҢ**

қайтыс болуына байланысты туған-туыстары мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ALATAY AQPARAT

Бас директор –
**Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ**

**Қабылдау бөлмесі:**
232-36-61.

Бас редактор –
**Төрехан ДАНИЯР**
тел.: 232-36-53

Бас редактордың орынбасары –
**Әнуарбек ӘУЕЛБЕК**

Жауапты хатшы –
**Серік ЖҰМАБАЕВ**

Жаңалықтар мен ақпарат бөлімінің редакторы –
**Рая ЕСКЕНДІР**
тел.: 232-36-54.

Қала тынысы бөлімінің редакторы –
**Нұржамал ӘЛІШЕВА**

Шаһар шаруашылығы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық бөлімінің редакторы –
**Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Бас директордың шығармашылық жөніндегі орынбасары –
**Гүлжазира СЕЙДАХМЕДОВА**
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
**Куаныш ДЮСКАЛИЕВ**
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanysh@mail.ru

Жарнама бөлімінің менеджері –
**Дана ӘЛМЕШ**
тел.: 232-36-56. e-mail: dalemesh@vecher.kz

Тарату бөлімінің менеджері –
**Алия ЕСИМХАНОВА**
тел.: 232-36-51. e-mail: aliya.yesimkhanova@bk.ru

**Шығармашылық даму жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
**Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ**

Кеңес мүшелері:
**Мұрат ӘУЕЗОВ,**
**Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,**
**Сейітқазы МАТАЕВ**

Газетті жеткізу бойынша шағымдар болса, «Қазпошта» АҚ Алматы почтамтына: +7 707 932 39 18 телефондары арқылы хабарласыңыз

Almaty AQSHAMY

Республикаға таратылатын қоғамдық-саяси қалалық басылым.

**Меншік иесі:**
**«Alataý Aqparat» ЖШС.**
**alatayaqparat@mail.ru**
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.**
**Апталық таралымы – 18 663**

**Кезекші редактор –**
**Ақтолқын ТҰРЛЫҒАЗЫ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №KZ80VPY00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді.
Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.

**«Almaty aqshamy» газетінің электронды нұсқасы «AIR ASTANA» әуе компаниясы бортындағы жолаушыларға қолжетімді.**

## Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ:

# «ЖУРНАЛИСТИКАНЫҢ ЖАРЫҚ БҰРЫШЫ

## «Alataý Aqparat» медиахолдингі қалта кітапшаларын шығарып жатқанына қуаныштымын»








Суреттерді түсірген Қайрат КОНЫСБАЙ.

*(Басы 1-бетте)*

Қазақстан баспасөзінің бір жарым ғасырлық тарихында тұңғыш рет «Alataý Aqparat» медиахолдингі Pocketbook форматындағы, яғни қалтаға сиятын шағын кітапшалардың жеке кітапханасын шығара бастады. Мұндай кітапшалар тек Кеңес Одағы кезінде «Огонек» журналында басылып шыққан.

Медиахолдинг өз кітапханасында белгілі қазақстандық әдебиетшілердің, жазушылардың, публицистердің туындыларын басып шығаруды көздеп отыр. Қалта кітапшаларының топтамасын Қазақстан Журналистер академиясының негізін қалаушы әрі президенті, ҚазҰУ баспасөз және электрондық БАҚ кафедрасының құрметті меңгерушісі, журналистика мэтрі – Сағымбай Қабашұлы Қозыбаевтың «Дайдидау» аталған эсселер топтамасы бастады. Кітаптың тұсаукесер рәсімі Алматыда Ұлттық баспасөз клубының алаңында өтті. Салтанатты іс-шараға арнайы қонақ ретінде танымал ақын, «Alataý Aqparat» медиахолдингінің Шығармашылық даму жөніндегі кеңесінің төрағасы Олжас Сүлейменов пен кеңес мүшесі, Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев, сондай-ақ «Невада–Семей» қозғалысының вице-президенті Валерий Жандәулетов қатысты.

### Көңілге сенім ұялатады

Іс-шараның модераторы болған Валерий Жандәулетов салтанатты жиынды тағы бір жақсы хабармен бастады. Ол Санкт-Петербургтегі «Пальмира» баспасы Олжас Сүлейменовтің шығармалар жинағын шығарып жатқанын айтты (бұл туралы газетіміздің алдыңғы нөмерінде хабарлағанбыз).

Сондай-ақ, В.Жандәулетов ЮНЕСКО қамқорлығындағы Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық орталығы мемлекеттік қор мұрағатынан Олжас Омарұлының Париж, Нью-Йорк сынды қалаларда өлең оқыған 60 жыл бұрынғы бейнежазбаны тапқанын хабарлады. Алдағы уақытта бұл бейнежазбаның үзінділері еліміздің телеарналарында көрсетілетін болады. Ақжолтай ақпарат айтылған соң, салтанатты шараның ресми алғысөзі Қазақстанның Еңбек Ері, «Невада–Семей» қозғалысының жетекшісі, ақын Олжас Сүлейменовке берілді.

– Бұрын мемлекет тарапынан әдебиетке қалай көңіл бөлінетін. Кітаптар мыңдаған тиражбен шығатын. Менің соңғы кітаптарымның бірі осы Алматыда 200 мың дана болып басылды. Қазір бұған кім сенеді? «Огонек» журналындағы кітапшам 2,5 миллион тираж болып бүкіл КСРО оқырмандарына тарады. Оның бағасы – 30 тиын еді. Бірақ мұның өзі мемлекетке өте тиімді болды. Барлық кітапшалар өтіп кетті. Жақында оны қағаздарымның арасынан тауып алып, сол кездер есіме түсті, – деді ақын.

Сонымен қатар, О.Сүлейменов «Alataý Aqparat» медиахолдингінің кітап топтамасын шығара бастағанына қуанышын білдіріп, келесі кітапша авторларының бірі болуға өзінің де үмітті екенін айтты: – «Alataý Aqparat» медиахолдингі қалта кітапшаларын шығарып жатқанына қуаныштымын. Бірінші кітапшаны Сәкең таныстырып отыр. Келесі болып біз де басылармыз деп үміттенемін. Уақыт өте келе тиражы да өседі деп ойлаймын. Осындай кішкентай қадамдармен басылым сөзінің күш-қуатын ұмыттырмаймыз деп сенемін. Алматыда сақталған журналистиканың жарық бұрышы – осы сала ештеңеге қарамай дами береді деген нәрсе көңілге сенім ұялатады.

### «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдығына орай кітаптар топтамасын шығарамыз




Іс-шара модераторы В.Жандәулетов тұсауы кесілгелі тұрған кітапшаның Сағымбай Қозыбаевтың 56-кітабы екенін айта отырып, оны соңғы жылдары ең көп кітап басып шығарған автор ретінде «Гиннестің рекордтар кітабына» енгізуді ұсынды. Одан кейінгі сөз кезегін «Alataý Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры Төлеміс Күлмұхамедов жалғастырды:

– «Alataý Aqparat» медиахолдингінің кітапшасын шығару идеясын маған біздің Шығармашылық даму жөніндегі кеңес ұсынды. Бұл кеңестің төрағасы – Олжас Сүлейменов, сондай-ақ кеңеске Мұрат Әуезов, Сағымбай Қозыбаев, Сейітқазы Матаев кіреді. Бұл кітаптар біздің жазушыларымыз, қарымды қаламгерлеріміз өз шығармашылық туындыларымен бөлісе алатын тағы бір жаңа алаң ретінде басылып отыр. Оған қоса, қоғамда оқу мәдениеті мен ұлттық кодты қалыптастыруға үлес қосатын, оқырмандарға авторлардың шеберлігін, сөз сұлулығын өз бойларына сіңіруге көмектесетін құрал болса дейміз. Бірінші кітапша Сағымбай Қабашұлының авторлығымен шыққанына өте қуаныштымыз. Алдағы уақытта өзге де әдебиет пен мәдениет тарландарының кітаптарын шығару жоспарда бар. Келесі жылдың алғашқы айларында «Алматы – жүрегімде» байқауын өткізетінімізді жариялағым келеді. Байқау аясында бізге жіберілген мақала, эссе, ән-өлеңдердің бір бөлігі газетке басылса, қалғаны осындай кітапшаға енеді, – деді Т.Күлмұхамедов. «Alataý Aqparat» медиахолдингінің Бас директоры келесі жылы «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдығына орай тағы бірнеше жинақтардың шығатынын атап өтті:

– Биылғы жыл барлығына оңай өткен жоқ. Жыл қалай басталғаны бәріміздің есімізде. Біздің ұжым үшін де ауыр жыл болды. Әріптесіміз Михаил Буренков өмірден озды. Осындай қиындыққа толы жылды қалта кітапшаларын жарыққа шығару арқылы жақсы бастамамен түйіндегіміз келді. Келесі ретте «Almaty aqshamy» газетінің 35 жылдығына орай мемлекеттік тілде бірнеше кітап топтамасын шығарамыз, – деді Төлеміс Бақтыбайұлы.

### «Alataý Aqparat» медиахолдингінің бастамалары қуантады»

Алғысөздерден кейін Олжас Сүлейменов бастаған зиялы қауым «Дайдидау» кітабының тұсауын кесіп, салтанатты іс-шара қатысушыларына үлестірді. Жиынның ресми кезеңі біткен соң, жаңа кітапшаның авторы Сағымбай Қозыбаев «Alataý Aqparat» медиахолдингіне алғысын білдірді:

– Бірінші кезекте Төлеміс Бақтыбайұлы басқарып отырған «Alataý Aqparat» медиахолдингіне ризашылығымды білдіремін. Қазір өздеріңіз білетіндей, көптеген басылымдар жабылып жатыр. Мұндай ақпарат алаңындағы өзгерістер бізді алаңдатады. Олжас Омарұлы айтқандай, өз мәдениетімізге бұлай қарауға болмайды. «Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерін біріктіріп отырған «Alataý Aqparat» медиахолдингінің журналистика саласындағы бастамалары көңіл қуантады. Бір айдай уақыт ішінде кітапшаны шығарып отырмыз. Мұнда менің бұрын жарияланған, бірақ ешқандай жинақтарға енбеген мақалаларым енді. Бір жарым ғасырға жуық Қазақстан журналистикасының тарихында бұл – алғашқы басылым кітапшасы. Ол қалтаға сиятындай шағын әрі метро, автобустар секілді қоғамдық көліктерде оқуға ыңғайлы, – деді Сағымбай Қозыбаев. Бұдан кейін Қазақстан Журналистер академиясының президенті медиахолдингке жазу машинкасына арналған 1960 жылдың таспасын сыйлады. Ал Қазақстан Журналистер одағының төрағасы Сейітқазы Матаев әріптесінің сөзін жалғап, «Alataý Aqparat» ұжымының музейіне өзінің бірнеше журналистік куәліктерін тапсырды.

Кітап тұсаукесерінде Сағымбай Қозыбаев жарты ғасырға жуық уақыт сабақ беріп келе жатқан Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы да қатысып, білім ордасы атынан құттықтауын жеткізді.

– Сағымбай Қабашұлы бәрімізге ортақ тұлға. Біздің университетте бұл кісінің дәріс беріп жүргеніне міне 50 жыл болады. Оның үстіне «Almaty aqshamy» газетін жақсы білемін, бұл жерде 15 жыл бұрын өзім де қызмет еткенмін. Шығармашылық кеңес ұсынысымен осындай кітапша шығарып жатқан қуаныштарыңызбен құттықтаймын, – деді Журналистика факультетінің деканы Нұржан Қуантайұлы. Ол сонымен қатар, университет атынан «Alataý Aqparat» ұжымына Әл-Фараби бейнеленген кілемше сыйлады.

**Әзірлеген**
**Досбол АТАЖАН.**

| ВАЛЮТА БАҒАМДАРЫ | € EUR/KZT 498,39 теңге | $ USD/KZT 472,14 теңге | ₽ RUB/KZT 7,65 теңге | ¥ CNY/KZT 67,93 теңге |
|---|---|---|---|---|